


П И О Н Е Р



Январь

1954 жыл
Алматы

№ 1



Ю. ЯКОВЛЕВ

Ленин жолымен

Календарьдың бетін
Ленин үнсіз тұр қарап,
Ұлын жайлап әкесі,
Отырғызды алдына ап.
Қар ұшқындап эйнекті
Нәзік қолмен шертеді.
Ильичтен көз алмайды
Әке, бала екеуі.
Әрі әкелік салмақпен,
Әрі сыйпап қолымен:
— Балам, ылғый жүргейсін

Лениннің жолымен!
Деді әкесі тағы да,
— Үздік оқы, озып кет!
Осылай, — деп өйткені,
Айтты Ленин өсиет.
Әлі жап-жас болса да,
Берді Андрей жауабын:
— Орындаймын мен, папа,
Ардақты Ильич талабын.

Аударған *Ғ. Қайырбеков.*



ПИОНЕР

№ 1


ЯНВАРЬ

1954 жыл

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің
пионерлер мен мектеп оқушыларына
арналған әдеби-көркем және
публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 16 жыл.



Қош келдің, жаңа жыл!

Жүрек алып-ұша күтетін күндер болады. Соның бірі — Жаңа жыл келетін күн. Үлкен де, бала да оны қарсы алуға жапатармағай әзірленіседі. Ол күннің құрметіне алтын балық, маймақ аю, күміс қоян, айлакер түлкі, жалтырауық шар, зер жұлдыз алдына ақ сақалды, сенсең тонды аяз атаны салып үйді-үйге желе бастайды. Базар алаңының ақшақар жайылған төріне кіре-кіре келіп түскен елка ырғайларын да жапырласқан халық әпсәтқа жібермей таратып әкетіп жатады.

Күткен күн жақындаған сайын мектеп, мекеме, кәсіпорны, пәтер үйлерінің терезелерінен алуан әсем ойыншықтар ілінген елкалар көріне бастайды. Оның тандайланған бұтақтарынан көк, қызыл, жасыл, шамдар жымындай түседі.

Календардың соңғы қағазы жыртылып, күткен күн де келіп қалды. Отанымыздың астанасы Москва Кремлінің сағаты он екіні соқты. Қоңыраудың мөлдір сынғырын ұлан-байтақ совет жерінің бұрыш-бұрышына әуе толқыны іле таратып та үлгірді. Ол сынғыр үн мұхиттардың асау толқындарынан асып тұу Арктика аралындағы жиһанкезге естілді. Қоңырау он екіні соққанда Қарағандының жас кеншісі көмір қопаруға кірісті. Әне комбайынның болат шенгелі қадалған қабырғадан көмірді опырып түсті — бұл жаңа жылдың тұңғыш өнімі. Зәулім үйдің жыйырма екінші кабатындағы кең пәтерінде жаңа жылды қарсы алушы Москва стахановшысы, дос-жақындары орнынан ду көтерілгенде, мыйығынан күліп:

тіне, совет халқына пайда келтіру үшін сол ғылым мен техниканың жұмысына қатысу — зор бақыт. Ол бақытқа маңдай терді сыпыра, ерінбей-жалықпай еңбек еткенде ғана жетуге болады.

Ғылым талмай, табанды еңбектенуді сүйеді. Ғылым алғыр, сыншыл зейінді сүйеді. Ғылым талғампаз қыялды сүйеді. Ғылым өзін сүюді, өзіне ден қоюды талап етеді. Сол сүюден, ден қоюдан, ізденуден, қыялданудан, тереңдеп оқудан барып пайда болатын жаңа, тың сұрақтарға жауап іздеу керек. Міне, сол арқылы ғана сен ғылымға белсене араласа аласың. Егер сен жаңа жылда жаңа жігермен, зейін қойып оқысаң ғана сүйікті отаныңа пайда келтіресің, туысқан Коммунист партиясына, Совет мемлекетіне көмектесесің.

Жаңа жылды біздермен бірге бүкіл жаңа демократиялық елдер қуанышты қарсы алады. Ал, сонау империалистік лагерьді алсақ, онда жаңа жыл үрей, күдік туғызады. Өйткені оларға болашақ бұлдыр-қараңғыны қармалау тәрізді. Сол себепті капитализмнің шашпауын көтерушілер уақыттың алға басыуынан гөрі кері шегінуін жаратады. Олар корей халқын өзара қырқыстырумен, Вьетнам, Малайя, Индонезия жерлерін канға бояумен, Германияны арандатумен, коммунист партияларының басшыларын түрмеге тығумен уақытты кідіртіп, тарих дөңгелегін кері айналдырмақ та болды. Топастық! Онан ештеңе де шыққан жоқ. Кореяда

бейбітшілік орнады. Германияның демократиялық республикасы зыянкестікті жапырып тастады. Вьетнам, Малайя, Индонезия елдерінде демократиялық күштер нығайып бекіне түсті.

Жаңа жыл капиталистік елдердегі еңбекшілердің балаларына ешқандай қуаныш әкеле алмады. Доллар бұғауында азап шеккен бақытсыз сәбилер өмірінде қуаныш дегенді сезінбейді. 1951 жылы туған 800 мың нәрестенің 400 мыңы қырылып қалғанын Туркияның денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі мойындауға мәжбүр болды. Иранда балалардың 85 проценті 15 жасқа жетпей өліп бітеді. Сол тәрізді франколық Испанияда балалардың 75 проценті туберкулезден өледі. Неткен сұмдық!

Мұндай сұмдық кеулеген елдерде мектеп туралы, білім туралы сөз қозғау мүмкін емес. Американың өзінде мектеп жасындағы 4 миллион бала білімнен мақұрым, бекер көше таптап жүр. Империалистік елдердің мектеп ашуды керек етпеуі былай тұрсын, тіпті бар мектептердің өзін құртып барады. Отар және тәуелді елдер қалпынша сауатсыз.

Империалистер бюджеттің орасан көп суммасын соғыс әзірлігіне жұмсайды. Жоқ! Соғыс болмайды. Соғыс зарын шеккен қарапайым халық оны болдырмайды.

Жас дос! Сен, жаңа жылды мәдениет сарайында, мектептің кең залында, не болмаса үйінде туысқандарыңмен қарсы алдың. Міне, сол қуаныш үстінде ойланып, өткен жылда нендей табыстарға ие болғаныңды еске түсірдің. Сонда ілесе алмай, мүлт кеткен кейбір жайлар өкінтуі де мүмкін сені. Ал, ендігі жерде сондай өкінішті болдырмауға тырыс. Коммунизмнің салтанат құру жолындағы ұлы дүбірде сеніммен қарыштап алға басып келе жатқан ата-ананнан қалыспай сен де жүріп отыр. Олар адал, игілікті еңбегімен уақыттан әрқашан алда, озық отыруды дәстүрге айналдырғандар. Міне, сен де жаңа жылды қуанышпен қарсы алып, соның өзінен озуға тырыс. Ол үшін жаңа жылда жаңа белестерге көтеріле бер, жас дос!

Н. Маликов.



Демократиялық Польшада балалар зор қамқорлыққа бөленген.

Суреттегі Польшаның бақытты балалары.





А. КОНОНОВ

КАШИНОҒА САПАР

Әңгіме

1920 жылы Кашино деревнясының халқы өздерінде электр станциясын салуды қолға алды.

Ол кезде мұның өзі мүлдем қыйын іс еді. Нағыз қажет заттар табылмайтын, ең аяғы шегенің өзі де деревняда кат болатын.

Міне, осындай қыйын кезде Кашино шаруалары өз қалаулары бойынша, өз күштерімен электр станциясын салуға кірісті. Олар әреңдеп жүріп телефон сымның бірнеше шумағын зорға тапты. Бұлары жіңішке сымдардан өрілген добалдай, жуан арқан болатын. Осы арқанды жерге жайып салып тістеуікпен, қышқашпен, тіпті жай қолмен таркатуға тура келді. Тарката келгенде, көп сым боп шықты.

Орманнан бөренелер әкеліп, олардан тақтайлар тілінді, бұл тақтайлар жақсылап сүргіленді. Енді электрлі машина — динамо табу керек болды.

Шеге сатып алудың өзі онайлыққа түспеген ол заманда динамомашинаны табу деген қандай қыйын болғанын білсеңіздер еді!

Кашино шаруалары Москваға аттанды. Қайда барса да, олардың әңгімесі: бүкіл елімізді электрлендіру жайында Лениннің жоспары бар, біз сол Ленин жоспары бойынша іске кірісіп отырмыз дегеннен басталды да отырды.

Ақыры қоймай жүріп кашинолықтардың қолдары динамомашинаны жетті. Бұл машинаны деревняға жеткізіп, бір үлкен сарайға орналастырды.

Барлық көшелердің бойына бағана орнатылды, бағана бойына сым тартылды, әр үй сайын бір-бірден электр шамы қойылды.

Осы жұмыстардың барлығы аяқталысымен, электр станциясының ашылуына қатысуын сұрап, шаруалар Ленинге хат жіберді.

Хатты жазарын жазса да, Ленин келеді-ау деген сенім ешкімде болмады. Ол кісінің қайдан қолы тисін...

Дегенмен дайындық жүргізіліп жатты. Ең кең деген үйге ұзын стол, сәкі қойылды, сандық, кровать сыяқты басы артық мүліктер шығарылды, бармен базар етіп, ас әзірленді.

Электр станциясын ашатын күн де келді.

Шаруалар Ленинді күтерін де, күтпесін де білмей дал болды.

Кенет, жол бойынан бір жеңіл машина көзге шалынды.

Балалар лап беріп, тұра жүгірісті. Машина тоқтай қалды. Машина ішінде Владимир Ильич пен Надежда Константиновна отыр екен.

Владимир Ильич балалардан:

— Электр станцияларын қайсы? — деп сұрады. Балалар маз-мейрам болып:

— Машинаға отырғызсаң, көрсетеміз,— деді.

Ленин балаларды машинаға отырғызып алып, ілгері жүрді.

Оны үлкен үйдің алдында шаруалар қарсы алды.

Үйге кірген соң әңгіме басталды. Ленин Қызыл Армияның ақгвардеецтерді талқандағанын айтып, шаруаларды осы жеңіспен құттықтады.

Шаруалар оған өздерінің істері жөнінде әңгіме шертті.

Ленин ықлас қойып тыңдады. Әңгімеші бөгелсе, Владимир Ильич оны демеп:

— Ал, содан соң? — деп отырды.

Ленин естігенін өмірі ұмытпайтын. Кімнің аты қалай, соларды бірден есіне тұтып ала қойды да, Алексей Андреевич, Василиса Павловна... деп шаруа қарттарды өзінің, әкесінің есімімен атай бастады. Мұнысы шаруаларға мүлде ұнап кетті.

Әңгіменің Ленинді де, шаруаларды да ұйытқаны сондай, тіпті күннің қалай кеш болып қалғанын да ешкім аңғармады. Мазасызданған тек бір ғана жаң болды, бұл — фотограф еді. Ол Владимир Ильичті шаруалармен бірге суретке түсіру үшін келген-ді. Жарық азайып, күн болса кешкіріп барады, суреттің сәті түспейді-ау деген ой тықыршытты оны.

Ақыры төзімі таусылып:

— Владимир Ильич, шаруалардың сізбен бірге суретке түскісі келіп еді,— деді.

— А солай ма... жақсы, — деді Ленин. Бірақ, әңгімесін соза берді.

Тағы да он минуттай уақыт өтіп кетті. Сыртта каракөленке түсе бастады.

Фотограф күйгелектеп:

— Бірнеше минуттан кейін суретке түсу кеш болады,— деді.

Владимир Ильич оған жалт қарады. Суретке түскісі де келмеді. Бірақ ол басқаның еңбегін өте қадірлеуші еді, фотограф әдейі уақыт жіберіп, қаладан келіп отырған жоқ па?

— Жарайды, аулаға барып, дайындала беріңіздер. Біз Надежда Константиновна екеуіміз қазір барамыз.

Фотограф тысқа жүгіріп шығып, аппаратын реттей бастады. Көресіні ол балалардан көрді, олар әрқайсысы аппараттың дәл алдына отыруға таласты.

Үйден Надежда Константиновна мен Владимир Ильич шықты. Фотограф оларды ортаға, шаруалардың арасына отырғызды. Бұл арада да балалар бөгет жасады: олар тағат таппай, қайта-қайта қозғалып, Владимир Ильичке жақын отыруға ұмтылды. Бәрі тыныш отырмаса, сурет бұзылатынын ойлап, фотограф жазғанның зығырданы қайнады.

Владимир Ильич те балаларға аппаратты нұсқап, тынышталуды тілей бастады.

— Сендер анау қарауытқан нүктеге қарандар.

Балалар аппараттың тесігіне қарасты. Фотограф қара орамалды басына айқара жамылып алды.

Ленин оған:

— Сіз балаларды тондырып алып жүрмеңіз,— дегенді ескертті.

Отырғандар күліп жіберді.

— Оқа емес, дендері сау, олардың түгі кетпейді.

Әңгіме өздері туралы болған соң балалар тағы да қозғалысты. Фотограф енді тіпті төзе алмады.

— Смирно! — деп айғай салды ол.

Ленин мыйығынан бір күліп қойды. Суретте де осылай күлімсіреп шықты.

Бұдан кейін алаңда жыйын ашылды.

Алаңның ортасында биік бағана, бағана басында әлі жағылмаған жаңа электр шамы. Бағананы шыршаның жасыл бұтақтарымен нақыштап, қызыл ленталармен орап, безендіріп қойған. Шамның түбіне шағын стол қойылған.

Ал, мұнда тек қана Қашино деревнясының ғана емес, басқа селолар мен деревнялардың шаруалары да жыйналған. Көбі түү алыстан келген.

Ленин шағын столға жақындап, сөз бастады.

— Сіздердің Қашино деревняларыңыз электр станциясын орнатып отыр. Тамаша іс! Бірақ бұл тек бастама ғана. Біздің міндетіміз — бүкіл республикамыз электр жарығына бөленуі керек...

Ленин сөзін бітірісімен шекті оркестр «Интернационалды» ойнады. Дәл осы минутта динамомашина тұрған сарайдан мантер ток жіберді.

Алаңда электр шамы жанып, барлық үйлерде бірдей от жарқырап қоя берді.

Бұрын Қашино шаруалары үйлеріне бықсытып білте шам жағушы еді, ол шамдары күнгірт тартып, сықсыйып, өлімсіреп тұратын.

Ал, қазір жайнаған электр жарығына қарап тұрып, әлде кім:

— Міне, бізде Ильич шамы да жанды...— деді.

Ленин шаруалармен қоштасып жатты.

Қоштасып болып, машинаға келді. Төңірек қап-қараңғы еді.

Едәуір ұзап шыққаннан кейін Владимир Ильич артына бұрылды. Артында, түн көрпесін жамылған далада, Қашино үйлерінің терезелері жарқырап жайнап тұрды.

Аударған *М. Иманжанов*

Украинаның Россияға



Бұдан 300 жыл бұрын, 1654 жылы Переясловта Украин казактары өкілдерінің мәжілісі (рада) болды. Бұл мәжіліс Украин халқының тарихында жаңа белес ашып, ұлы орыс халқымен мәңгі бірігу туралы ұлы қарар қабылдады, украиндықтар орыс халқының құшағына кірді.

Октябрь революциясы халықтар достығына жаңа мазмұн берді. Советтік халықтардың ынтымағы жарасты. Соның бірі — Украина ерікті елдердің одағы сапында Коммунистік

партияның туы астында өркендеп, қарыштап алға басты.

Тағдыры, мақсаты, тілегі бір украин халқы біздің де қадірлі досымыз, бір туған бауырымыз. Украиндықтардың қуанышы — біздің де қуанышы. Олардың ұлттық мейрамы күні қазақ халқы да өзінің жалынды сәлемін, қуанышын жолдамай қала алмайды. Төменде жарияланып отырған материалдар соның айғағы.

Біздің Тарас

Әбділда Тәжібаев

Ұлы Украин халқының мәңгі жасайтын дана ақыны Тарас Шевченконың көп өмірі айдауда — қазақ даласында өткен Әрі ақын, әрі суретші Тарастың сол кездегі шығармаларында революциядан бұрынғы қазақ өмірінің мұңлы-шерлі суреттері айнымай көрініп отырады. Мұндай сыйпаттарды біз оның суреттерінен көбірек көреміз. Жетім бала, бейнеттегі кедей келіншек, қайыршы балалармен бірге салынған ақынның автопортреті, Қосарал пейзаждары ұлы Тарасты біздің тұңғыш ұлттық суретшіміз етеді, бізді бақытты Украина халқымен достастыра, туыстыра түседі.

Қазақ халқы мен қазақ даласының осын-

дай жүдеу, сұрғылт бейнелері оның поэзиясынан да көрінеді. Ақын өзі көрген бай-мырзаларға ғана тән салтанатты, сәнді ордаларды аттап өтеді де, кілең еңбекші халықтың өмірін, солардың күйлерін жылы жырлайды.

Тарастың «Тәңіріменен Петрдің...» деген 1846 жылы ертегі стилінде жазылған тамаша жыры бар. Ақын осы өлеңінде патшаның әмірімен тәңірінің балтасы қаһар етіп, қазақ даласындағы көк орманның қыйрағанын, соның артынан өрт болып, бүкіл даланың күлге айналғанын айтады. Бірақ, соншалық апаттан аман қалған бір ағаш көгеріп көктеп тұр. Осы ағашты ақын қазақ халқының үміті, болашағындай суреттеген:

Ол алып ағаштың мәңгі жасауы, көбейе беруі, көгеріп түсуі үшін құрбан шалуға, тілек тілеуге әзір. Ақын тамаша жырын:

«Өссе дейді сол ағаш
Сорлы болған елінде,
Елінің кең жерінде.» —
деп, қазақтың тілегімен бітіреді.

Ақын шағын өлеңінде бір халықтың тарихи күйін сыйғыза жырлаған. Сүйе, сүйемелдей, ертеңгі бақытты болашағына да сене отырып жырлаған. Сол үшін де ұлы Тарасты «Біздің Тарас» дейміз.



Қазақ жазушысы Сәбит Мұқанов украиндық достардың арасында

қосылғанна 300 жыл

Жаса, достық!

Платон Воронько

Мұның бәрі — Москва

Тұрғанда нәсер торлап, түтеп аспан,
Украина,
Ең тұңғыш тума тапқан,
Жүрек жырын кабыл ал қорашсынбай,
(Әрине көп болмас ед тойға дастан)
Тарих көшін бастаушы ұлы орыстың
Елін сен ертеден-ақ етіп достың.
Днепрдей кең, мөлдір жүрегінді
Волгадай ақ жүрекке әкеп қостың.
Жоқ ем мен, жарқын жүздер күліскенде,
Аңсаған алып төстер тиіскенде,
Достық туы астында аймаласып,
Сом тұлғалы қос батыр сүйіскенде.
Бәрі бір, мен болмасам қазақ бар-ды,
Ол кезде өгейліктен тартқан зарды.
Сұламадан шұбыра босқан сол жұрт
Тумаларға қызыға караған-ды.
Жайқалып екі батыр арасында
Ту тұрды Волга мен Дон жағасында.
Жел тербеткен судырлап зер шашағы
Деді бізге:

— Болмайды адасуға!

Сол туды бетке ұстап белден астық,
Рас, біз жол таба алмай көп адастық.
Хан қылышын майырып күрестерде,
Біз де сенің ізіңмен алға бастық.
Жеттік біз, ізгі Россия жайды құшақ,
Жылағанды жұбатар анаға ұсап.
Берді Алтынсариннің әліппесін
Ортамызға сәулетті мектебін сап.
Сол мектеп таңнаң сәуле себе келді,
Өмірге зор жаңалық еге келді.
Белинский, Пушкин де өз халқының
Озат ойын шашуға бере келді.
Украина,

Сен тұңғышы игілі істің,
Терең ойлап түйінін дұрыс шештің.
Сездің Россия үстімен жарқ еткелі
Тұрғанын шұғыласын зор келешектің.
Россия болды бізге алтын бесік,
Баулыды өз ұлындай еркелетіп.
Сол бір достық құшақтан салтанатты
ССР Одағы шықты өсіп.
Осы Отанға өмірлік басты қостық,
Жау ұрынса жайратып, жолын тостық.
Бакытты таңымыздың шапағындай
Жаса, жарқын келешек, жаса, достық!

Әбу Сәрсенбаев

Келді ұшып соқыр бөбек азап тартқан,
Ем іздеп Москваға Тува жақтан.
Екі көз су қараңғы, қара түндей.
Шегі жоқ сол түндердің түнек жапқан.
Жылайды байғұс бала қайғыланып,
Палатада дәрігерге мұңын шағып..
Жас бала жатыр еді тәтті ұйқыда,
Көзін ашты..
Қарады..
Көрді анық!
Созылды балақанның қолы ілгері:
«Тыстағы дүбірлеген ол не?» — деді.
Сәл ойланып хирург айтты оған:
«Мұның бәрі — Москва делінеді.»

Аударған М. Әлімбаев



Киевте Тарас Шевченкоға қо-
йылған ескерткіш.



«Ұлы орыспен мәңгі бірге». Богдан Хмельницкий Украинаның Россияға қосылғанын жариялап тұр.
Суретті салған *М. Хмелько*

Менің Украинам

Жұмағали Саин,
ақын, Отан соғысының партизаны.

Туған жерімізді мекендеген әрбір туысқан халықтар туралы ойлағанда, кейде бір ірі кезендер де, өз басыңнан өткен шақтарың да еске түсе қалады. Сол бір жайда, сенің басына қыйындық түскен тар кезеңде өзіңе ұсынған қолды, туысқандық жүректі адам қалайша ұмытпақ!

Украина!

Туысқан Украина! Сені есіме алғанда менің айтарым да, еске түсер тар кезендер мен ыстық шақтарым да көп...

Бірнеше күндер бойы ұдайы жүргізілген қатты ұрыстан кейін біз бір шок орман арасында отырмыз. Ұзақ марштан әбден шаршаған солдаттар терең ұйқыда. Тап осы кездегі олардың жүзіне қарай қалсаң, күндізгі соғыстар ізі әркімнің кейпінен көрінгендей. Біреулер қабағын түйе қыйсайса, енді біреулер еріндерін бұртыйтып әлде кіммен ұрысқалы жатқандай. Ал, кейбіреулер кенет селк етіп оянады да, қайта жатады.

Осы бір отрядта бірнеше солдаттармен Павел Петрович екеуміз ояумыз. Бүгінгі алдымызға қойылған міндет ізімізді суытып, бізді қуып келе жатқан жауды — неміс басқыншыларын адастырып кету. Сонымен бірге бүгін түннен қалмай солтүстік Донец өзеніне құлап ар жаққа өту. Осы екі міндеттің екеуі де өте қыйын, өте хауіпті.

Ұрыс болған жерден осылай қарай бетте-

генімізге бүгін екінші күн болғанымен, біз үнемі түнде ғана қозғалып, күндіз жасырыну-да болдық. Өйткені, Донецтің ар жағына өткенше ұрысқа араласпауға тиіспіз. Көзге де түсуге болмайды. Басқыншылардың біздің үстімізден шыға келуі де мүмкін. Ал, біздің тоқтаған жеріміз ұрыс бола қалса бізге өте қолайсыз-ақ: өлімнен басқа бізді күтіп тұрған еш нәрсе жоқ деуге де болады. Түнгі алда тұрған марш та өте хауіпті. Соғыс адамдары үшін керекті шаралардың бәрін қолданып күн батуын күтіп біз отырмыз. Түн бізге әлде қандай жаңалық әкеліп, ауыр халімізді жеңілдетер ме? Әлде біздің хал бұрынғысынан да ауырлай түсе ме, оны кім білсін! Жан-жаққа кеткен барлаушылардан да әлі еш хабар жоқ. Кеш те таянып келеді. Қатты ұрыстардан кейін жау тылында отырған кішкене отрядтың халін ойлап қараңызшы. Бұдан ауыр қандай хал болсын. Қай жағына көз жіберсең де түпсіз терең тұңғыйық тәрізді. Аяғынды енді бір бассан, сол тұңғыйыққа түсіп, жоқ болғалы тұрғандайсың!

Бір кезде қасында ақ сақалды бір украин шалы бар лейтенант Петренко келді. Біз ол кісімен таныстық... Мән-жайымызды түсіндіргеннен кейін украин шалы біраз ойланып отырды да, «мақұл!» деді. Бірде сөзуге айналып, бірде қайта тұтанып тұрған үміт оты енді бір екпінмен өрбіп, маздап, лаулағандай. Не-

міс басқыншыларымен алдағы күресіміздің бар бейнесі бұрынғыдан гөрі айқын, ашық тұрғандай елестейді... Үміт кілті деген осы емес пе? Өлісер жер келсе өлімнен сескенбейтін, Отан үшін, советтік туысқан елі үшін құрбандыққа дайын солдаттардың қазіргі жүрек тынысы, үміт тілегі осы бір шалдың қолында тұрғандай. Бұл үміттің жай, қарапайым адамдар үмітінен өзгешелігі де бар. Ол өзгешелік алдағы күрес пен тартыста. Біздің мақсат жаумен ұзақ күрес жүргізуге қолайлы жерге табан тірей отырып, басқыншыларға қарсы ұрысты дамыта беру.

Шал бастауымен біз ел орына отыра Донецке қарай бет алдық, түн көзге түртсе көрінбейтін қараңғы. Жан-жағымыз толған хауіп-қатер. Жүзден астам адам қару жарағының сыбырын білгізбей, үнсіз өте сақтықпен аттайды. Жүздеген жүрек бір-ақ тыныс алып, екі жүз аяқ бір-ақ адамның аяғындай қозғалады. Октаулы мылтықтар мен отты көздер минут сайын күтер тағдырына тесіле сақ қарап келеді. Міне, Донец те жақын, оған аман-есен жетуімізге енді шұбамыз да жоқ. Ал, оған жеткен соң, өткел бермес ұлы дария бізге нендей сый, нендей құрмет көрсетпек! Ол бізге белгісіз. Донец жағасына жеткен соң шал да бізбен қоштаспақ. Содан кейінгі күнді біз әлі терең ойлап, айқын болжамаған секілдіміз. Судан немен, қалай өту жайлы шалмен әлі сөйлеспеген екенбіз-ау!

...Міне, Донец жағасына да келіп кірдік. Дарияны жағалай өскен қалың ағаш бізді құшағын жая қарсы алды. Ержүрек ата, қайрымды ақсақал, сенімен де қоштасар минут таянды. Өмірдің ендігі сыйын біз алдан күтеміз.

Осы кезде шал Павел Петровичтың қолын ұстап тұрып:

— Қош болындар, балаларым! Соғыс жолы қатаң, жау мейірімсіз. Мүмкін тағы да кезде-

Т. ШЕВЧЕНКО

Желшатыры желілдеген
Көтерілді кең кемеден.
Қоға аралап Сырдарияға
Жылжытты көк толқынменен.
Қош, бишара Қосаралым,
Болдың ортақ тап екі жыл
Қасіретіммен — қайғымменен!
Рақмет, достым. Мақтан сен де,
Тауып саған жұрт келгенге.
Билеп сені, іске асырып,
Елегенге кез келгенде.
Қош бол, достым, сені сөгу
Яки мақтау болмас менде.
Мүмкін өткен осындағы
Қасіреттерді ойланармын —
Жүрген кезде бөтен елде.

* * *

Аспан тарғыл, толқын жуас,
Жатыр өзен сұлаған,
Желсіз қамыс бұғып басын
Бейне мастай құлаған.
Тәңрім не көп жатам ба
Кең түрмеңде — далаңда,
Сорлы теңіз Аралында
Өтіп өмірім қалам ба?
Тілсіз, үнсіз жаншылғандай
Далада шөп сарғайған.
Айтпайды олар маған шынын,
Сұрарлық жоқ өзге жан.

Қосарал, 1848 жыл.

Аударған Ә. Тәжібаев

серміз, мына жерден екі қайық та табылар, сонымен ар жаққа өтерсіңдер, — деді.

Біз ақ сақалды шалды шетімізден құшақтап сүйіп, көзімізге жас алдық... Ол жастың ата ерлігі мен мейірбандығына риза болғандықтан шыққан жас екенін, болмаса алдағы болар қатал кезендерді, қатты ұрыстарды сезген сезімнен туған жас екенін айту қыйын.

Біз содан кейін талай ұрыс сынынан өтіп, талай жауынгер жолдасымыздан айырылды. Мен де жау оғынан майырылып, бірнеше айлар бойы украиндық достарымның ыстық құшағында өмір кештім. Достарым мені ажалға бермей, ыйықтарына салып, оқ пен оттан алып шықты. Сол бір күнде де сен менімен бірге, мені демеп, өмірге бастағандай болдың да отырдың, сүйікті Украина!

Отанымызда жеңіс туы желбірегеніне он жылға таяу мезгіл өтті. Менің жүрегімде сонау бір украин шалының бейнесі мәңгі тұрады да қояды. Жылдар өткен сайын мен онымен өте жақындай түсетін, оны өте сүйе беретін тәріздімін. Оның ақылды,

байсалды ер бейнесі менің көз алдымда. Тек қана оның атын ұмытқан екенмін! Ол үшін кешіретін мені, оған айыпты мен де, мені қатал тезден өткізіп жазу дәптерімді отқа жаққан тар кезендер де айыпты. Әйтседе, мен бүгін ойлап отырып, оның — менің ардақты кәриемнің — қымбатты есімін тапқанға ұқсаймын. Оның аты — сүйікті Украина, сен емес пе! Ол сенің туысқандық көкірегіңнен шыққан леп, советтік Отаныңды жаныңдай сүйген Украина, сенің өз жүрегің емес пе! Сүйікті Коммунист партиясының достық туы, сол тудың көрікті шұғласында коммунизмге қарай алға басып келе жатқан көп ұлтты совет халықтарының бірлік салтанаты емес пе ол!

Мен, сүйікті қарт, сенің атыңды осылай деп түсінемін, сені бүгін осылайша еске аламын.

Достық әні

Жүсіпбек Елебеков,
Қазақ ССР халық артисі

Әнге аудармашы қажет емес. Әнді адам жанымен, жүрегімен ұғады.

Еңбекші халықтың мұң-мұқтажын, көңіл күйін, қайғысы мен қуанышын, арманы мен тілегін суға түскен сәуледей ән өзінің сазымен, ырғақ-әуенімен көрсете білсе, қай адамға болсын ұнайды.

Халықтан асқан композитор жоқ, халықтан шебер әнші жоқ.

Бұл жөнінде Лев Толстой айтқан бір сөз

сыяқты халық әндердің оркестрге қосылып та, домбырамен де орындадым. Әрбір кештің программасы Москва радиосы бойынша беріліп жатты.

Алматыға келсем, үйімде бір хат жатыр. Хат жазған — битаныс адам. Алыс жердікі.

«Сіздің айтқан әндеріңізде халық жаны жатыр, онан қайталанбайтын сәтті сезімдер мен алуан сырлы адамдардың ішкі дүниесі көрінеді. Сіз әнді, әнде айтылатын сезімдерді бастан бейне өзіңіз кешіргендей өте әсерлі айтасыз» делінген хатта. Бұл айтылғандар әннің әсерінен туғаны анық. Москвада шырқалған қазақ әнінің сонау алыстағы Одессаның тұрғыны А. В. Архангельскаяға осылай ұнаған еді. Бұл көп мысалдардың біреуі ғана.

Қазақ халқы да украин әндерін сүйіп тыңдайды. Бұл екі халықтың музыкасында атамзаманнан келе жатқан үндестік, ұқсастық бары аңғарылды. Совет өкіметінің арқасында өркендеген искусствомыз қанаттасып, қол тума шығармадай жалғасып кетті.

Отан соғысы жылдарында Қазақстанда тұрған украин ар-

тистерінің өнеріне қазақтар төл искусствосындай сүйсінгені де осының айғағы. Сол кезде украиналық Лида Атманаки «Сәулетті Қазақстан» деген ән мен тақпақ өлеңді тамаша орындайтын еді.

Бізде әрбір үйде сауық-кеш болған сайын Украин әндері айтылмай қалғанын көрген емеспіз. Мұндай кештеде «Реве гай Стогне Днипр широкий», «Ой, лопнув обруч», «Поводился журавель», «Зеленой гай» сыяқты тамаша әндер қазақ әндерімен алмасып жатады.

Қоғамдық өмірімізде де біз осыны аңғарамыз. Театрларымыздың сахналарында да Украин әні қазақ әндерімен бірдей шырқалады. Украинаның Россияға қосылуына 300 жыл толған мерекелі күнде біз өз туысымызға:

— Мерейін үстем бола берсін! Өнерің өркендей түссін! Біздерді туыс еткен аға халық — орыс халқына, бақытымыздың тірегі туысқан партиямызға көп рахмет! — дейміз.



Киевте Богдан Хмельницкийге қойылған ескерткіш.

есіме түседі. Л. Толстой: «Барлық халық музыкасы бүкіл адамға түсінікті: парсы өлеңін орыс мұжығы ұғады, керісінше орыс музыкасын парсы ұғады. Ал, мырзалардың шылғи өтірігін олардың өздері де ұқпайды» дейді.

Ән әр алуан халықты жақындастырады, туыстырады, ән жүректі жүрекке жалғайды. Әрбір жақсы әннен адам өз жанын тербейтін сыр табады. Орыстың «Варягын», грузиннің «Суликосын» Молдаванның «Молдавинескуін», татардың «Ғалиябануын» кім сүймейді?!

Октябрь революциясы халықтар достығына, әннің бауырласуына жол ашты.

Украин халқы мен қазақ халқының әндерін мысалға алғым келеді.

1949 жыл. Қазақ совет әдебиетінің Москвада он күндігі өтті. Оған қазақ искусствосының қайраткерлері де қатысты. Соның ішінде мен де болдым. Мен көптеген әдеби кештерде композитор М. Төлебаевтің «Жылқышысын», және «Қанапия», «Жамбас сипар», «Ғалия»

Қазақ достарымның арасында

Паша Ангелина

Социалистік Еңбек Ері.

...Мен өзіміздің Старо-Бешевоны, көз тоймас колхоз даласын ауыр қайғымен қалдырдым, бірақ алыс Қазақстанда, Теректі ауылында біз өз үйіміздей сезіндік. Бізді мұнда бір туған аға-інідей, апа-қарындастай құшақ жая, қой сойып қарсы алды. Егін даласында біздің тракторлар жұмыс істейтін, Буденный атындағы колхоздың председателімен біз тез ұғынысып, ортақ тіл таптық. Рас, ол қазақ халқының меймандостық барлық дәстүрін қолдана, мені сыйлай отырып, қанша рет әңгімелесе де, қазақ даласынан бұған дейін алып келген өнімнен біздің асып түсетіндігімізге сенбей-ақ қойды.

— Біздің жеріміз, — деді ол, — сендердің Украиналарындағы сыяқты кара топырақты емес, құнарсыз жер ғой. Бір гектардан бес-алты центнерден артық өнім ала алмайсындар. Байқап көргенбіз, бірақ етшене шықпайды.

— Байқап жатпаймыз, — дедім мен сеніммен, — тура көп өнім аламыз. Қазақ жері шұрайлы, оның байлығына жетпегенсіздер, ал жету керек!

...Біз егін даласында жұмыс істедік.

...Тракторлар борозда тартты. Мен Марксина Ангелинаға:

— Қалың қалай? — деп айғайлаймын.

— Жақсы, — дейді Марксина, — нақ өзіміздің егін даласындағыдаймын!

Бәріміздің де көңіліміз қош, жұмысты жапырып істедік.

Онбес күн бойы трактордың үні бір тынбады. Жұмыстың алғашқы қорытындысын шығардық. Трактормен жұмыс істеу жоспары 230 процент орындалыпты... Біз уақытпен санаспадық, жұмысты күні-түні істедік. Бітік егін үшін күрес тәулік бойына бір тынбай, жүріп жатты.

Егін адамның бойымен бірдей болып өсті...

— Ай, Паша! — деді председатель, қуанғаннан жүзі жайнап. Ол қолымен түү алысты нұсқады. Мен саған сенемін, елімізге көп-көп астық береміз. Ай, жұмысты да келістіріп істедіңдер! Байлыққа жетті қолымыз. Қазақ даласы ешуақытта мұндай өнім беріп көрген емес.

Көптен арманымыз еді. Ой, қандай арман десеңші!..

Терекіден Украинаға қайтар алдында күні бойы егін даласында болдым. Колхозшылармен қоштастым. Олармен айырылысу маған сондай қыйын болды.

Күн кешкіріп барады. Сталин портретін алып егін даласына колхоз председателі келді.

Біз алқа қотан отырыстық. Далада бір ғажайып тыныштық пайда болды. Колхоз председателі менің қасыма келіп, Сталиннің портретін ұсынды.



Украина ССР-ы. Чапаев колхозындағы стадион.

— Ай, Паша жолдас!.. Сен бізге тамаша жаңа әдіс ашып бердің. Мен сенің әдісіңе сенбеген едім, енді сендім. Старо-бешево әдісі өте тамаша... ол астықты көп береді. Сендер өз үйлеріңе барасындар. Ай, біз ғой сендерді жібергіміз келмейді, қал деуге әзірміз!..

Колхоз председателі басын шайқап қойды.

— Паша, бұдан екі жыл бұрынғы егін даласына алғашқы шыққандарың есінде ме? — деп сұрады ол.

— Есімде.

— Сонда бәрің қосылып қандай ән шырқап едіңдер, есінде ме? Сендердің ол әндерің «Сусідка» деп аталатын. Ай, қандай ән десеңші! Соны тағы бір шырқап жіберіңдерші, барлық қазақтар естісін!

Біз қосылып украин әнін шырқадық.

Естілмеген ерлік

Сәбит Мұқанов

Таң біліне түрегеп жоғарғы палубаға көтерілсем, «Победа» кемесінің капитаны Дорофей Харламович Ищенко кешегі орнында, дәл сондай позамен, тұманды теңіздің өріне биноклімен қарап тұр екен. Оның зор денесі бүгін кешегіден де биіктеген сыяқтанып, қасында тік тұрған тоқыма қалқаннан ыйығы асыңқырайды.

Ол мен қасына кеп «Сәлем, Дорофей Харламович!» дегенше андамаран сыяқтанды. Дыбыс бергеннен кейін де ол салмақты қалпын өзгертпей, биноклің көзінен алды да, қолын төмен түсірместен, маған сылбыр қыймылмен бұрыла қарап:

— Ә, сіз бе едіңіз? Қайырлы таң! — деді.

— Неменеге қадала қарап тұрсыз, Дорофей Харламович?

— Бұлай қарау — кеме қызметкерлерінің сүйегіне сіңген жәйт, жолдас жазушы. Каютадаң шықсақ-ақ, біз көзімізді алысқа тікпей тұра алмаймыз.

63 жасының 50 жылын кеме қызметінде өткізген, 1904 жылғы орыс-жапон соғысы мен дүниежүзілік екі соғыс кезінде барлық күндерді соғыс кемелерінің үстінде болған, бейбіт күндерде де Россияның кемелерімен талай ұзақ сапарға шыққан ол теңізге осылай қарамағанда кім қарайды...

Дорофей Харламовичтың өмірі қызық. Ол осы Қара теңізде жүзіп келе жатқан кемесінің

үстінде туады. 71 жасында 1902 жылы өлген оның әкесі Харлам Фарфирьевич бұрынғы Херсон губерниясында крепостной шаруа екен. 1861 жылғы реформадан кейін ол Қара теңіздің флотилиясында біраз жыл жұмыс істеп, сонда өледі. Одан он үш бала қалады, солардың тоғызы ұл. Олардың бәрі өмірін теңіз қызметінде өткізеді. Қазір Дорофейден басқа біреуі де жоқ. Соңғы екі інісі Ұлы Отан соғысы күндерінде қаза табады. Дорофейдің өзінің де үш баласы соғыста өледі. Дорофейге мұның бәрі табиғи өлім сыяқты, сондықтан ол туыстарын да, балаларын да, құлап қайғырмай, тек ауыр күрсініп қана еске алады. Оның жүрегін жара қайғыратыны — үлкен ұлынан туған немересі — Петрашка ғана.

Шешесі кішкене күнінде өледі. Әкесі үнемі алысқа жүзетін кемемен кетеді екен де, Петрашка атасы мен әжесінің қолында қалады екен. Оның дәл аты — Петрусь. 1930 жылы туған.

Фашист басқыншылар соғыс ашқан күннен бастап, Ищенколар тұратын Одесса қаласын толассыз бомбалайды. 72 күн қоршауда болған Одессаның тұрғын халқы, қорғау ісіне қатынасқан армия мен флот әскерінен жұбын жазбай, тойтарыс беруде өлшеусіз зор ерлік көрсетеді. Ақыры, жау күші үдеп, армия қаланы тастауға мәжбүр болғанда, партизан отрядтарын құрған тұрғын халық катакомбаларда жасырынып қалып қояды.

«Катакомба» деген не? Ол — жер астындағы үңгірлер. Оның арғы тарихы, адам қоғамының үй жасап, киім-ас даярлай білмейтін, табиғи қуыстарды мекендеп, жалаңаш-жалпы жүре беретін дәуірімен тұтасады. Одесса қаласының астында да, маңында да, Қара теңіздің өзге жағасында да мұндай үңгірлер толып жатыр. Солардың жалпы аты — катакомба, бұл гректерше үңгір болса керек.

Ескі катакомбаларға, кейін жаңа катакомбалар қосылады, оған себеп: Қара теңіздің, өзге теңіздердің де



Украина ССР-ы. Сталино қаласы. Артем көшесі.

Суретті түсірген С. Преображенский.
(СОТА-ның сурет қорынан)

жағасында, арнасында «ракушочник» аталатын зат бар, ол теңіз хаюандарының сүйек-саяғымен, құм-топырақтың көп замандар бойына жентектеле араласуынан пайда болған деседі. Бұл зат желге де, отқа да, суға да бұзылмайтын берік материал. Өзі арамен кесіп алуға болатын жұмсақ, сондықтан, теңіз жағасындағы қалаларда үлкен үйлерді салуға оны кең қолданады. Одесса қаласының үйлерінің көпшілігі сол ракушочниктен жасалған.

Одесса — үлкен қала. Революциядан бұрын Москва, Петроград, Варшава үшеуінен кейін, Одесса үлкендік жағынан да, халық санынан да, Россияда төртінші орында тұрған. Қазір де соған жақын. Осы үлкен қаланы оның астындағы ракушочниктен салған соң, бұрынғы катакомбалар әлде қайда кеңіп те, терендеп те кеткен. Білемін дейтіндердің баяндауынша, Одесса салынғаннан бергі катакомбаның кеңдігі қаланың көлеміндей бір жарым бар. Көп катакомбалардың қайда кетіп, қалай тоқтайтынын ешкім де білмейді... Кейбір катакомбаларда ескі діншілдіктің ізі қап, толып жатқан ертегілер айтылады...

Ұлы Отан соғысы күндері осы катакомбаларда адам қайран қаларлықтай өмір басталады, соның бір түрі — катакомбадағы мектептер. Жаудың қоршауында қалған қала халқы партизан отрядтарын құрып, жауға соққы беру мақсатымен катакомбаларға жасырынғанда, бірнеше мектептің оқытушылары мен оқушылары да бірге кіреді, солардың ішінде Петраша да болған. Мектеп басшылары күш жеткен мөлшерде оқудың құрал-саймандарын ала түседі. Катакомбада олар ракушочниктен парталар, тақталар, кітап сақтайтын шкафтар жасайды.

Бұл мектептерде алғашқы күндерде оқу ойдағыдай жүре бастайды. Жер асты жылы. Астыртын әдіспен жарыққа керосин қаладан алдырылып тұрды...


Бірақ, бұндай «ракат» ұзаққа бармайды. Катакомбаларда жасырынған партизандар барын білген жау оларды ас-судан, отын-жарықтан тарықтырып жою ісіне кіріседі. Сол мақсатпен жау катакомбаларға кіретін бірнеше ауызға күзет қояды, көп ауыздарды зеңбірекпен атып отырады, бір аз ауыздарды цементпен бекітіп тастайды. Партизандарды катакомбаларға кіріп аулауға олар қорқады...

Жау мен партизандар арасында катакомбалар үшін арпалыс басталады. Бұл күресте екі жағы да ауыр шығынға ұшырап жүреді. Катакомба аузын күзеткен жаулар партизандардың халін қыйындатады. Сырттан отын-су, азық-түлік, құрал-сайман алу аса ауырлайды, партизандар, әсіресе, олардың ішіндегі қарттар, әйелдер, балалар ашығуға айналады...

— Сондай күндерде, — дейді, бұл халді маған кеме үстінде баяндап келе жатқан Ищенко, — ең қат болған бір нәрсе керосин екен. Катакомба іші көрдей қараңғы ғой. Жатажаста, партизандар оған да үйренеді. Аз керосинді үнемдеп ұстау үшін, олар ас ішер кезде, немесе, мектеп балалары сабақ оқыр кезде ғана жағады да, өзге мезгілде қою қараңғылықтың ішінде тіршілік етеді... Шығар ауыздарды жау қанша андығанмен, партизандар ретін тауып, жауға қарсы белсенді күресін жүргізіп жатады.

— Сонымен, жыл жарымдай уақыт өтеді, — дейді Дорофей Харламович күрсініп ап. — Біздің кемпір, немересі Петрашкамен катакомбадағы партизандардың ішінде, ашты-тоқты тұрып жатады. Ол екеуінен басқамыз сыртта, соғыста жүрміз. Одессаны жау алған кезде, мектептің 4-класын бітірген Петраша, соғыстың алғашқы жылында, катакомбадағы мектепте 5-классты өте жақсы бітіріп, 1942 жылдың күзінде 6-класста оқый бастайды...

Сөйтіп жүргенде, Петрашаның басына екі ауыр хал туады: бірі — ол ішінде болған топтың катакомба ауыздарын жау түгел жауып, шығар жер тастамайды, топ ашығады, шөлдейді, керосин де, отын да таусылып, қараңғылықта қалады, ауру-сырқау көбейеді, өлім



Запорожье қаласындағы пионерлер скверінде «Коммунар» заводының жас жұмысшыларына арнап салынған жатақхана.

Суретті түсірген Н. Раговский (СОТА-ның сурет қорынан)

басталады, оқу тоқтайды, әлі бар адамдар, қараңғыда қарманып, сыртқа шығудың амалына кіріседі, жердің төбесін қазып шығуға дәмеленеді... Бірақ, қараңғыда қанша қазып үлгіреді және оған құрал-сайман да жете ме?.. Азаптанып қазғанмен, үстіндегі жердің қалың-жұқасын кім біліпті?.. Кейбір катакомбалар жер үстінен жүз метрдей тереңдікте болады деседі, ондай қалыңдықты қалай тесіп шыға алады?..

Партизандармен бірге, Петрашаның басына түскен бір ауыр хал осы болса, екінші ауыр хал,— аштықтан ба, қайғыдан ба,— әжесі қатты сырқаттанады. Аузындағы арманы жалғыз сөз бір жұтым су болады... Көрдей қараңғыда, әжесінің сол зарына ортақтығын білдіріп сыйпалап кеп басын сүйеп, аянышты дыбыс беретін Петрашаның үні бір сәтте өшеді де, әжесі жоқтап шақырғанмен, енді қайтып естілмейді... сырқаттан ба, құсадан ба,— әженің де даусы, тез арада бір жола сөнеді... ал, Петраша қайда?..

Ол және мектептес бірнеше бала, тұрған катакомбаларының төбесіне басқышпен көтеріледі де, көлбей жоғары қазуға кіріседі... Қанша мезгіл қазғанын кім білсін, көп уақыт азаптанған олар бір кішкене араш үйдің астынан шығады... Сол сәтте үй иесі әйел, қажетті жабдығымен погребке түссе, ішінде бірнеше бала отыр!..

Алғаш шошына сасып қалған әйел, тез есін жыйнайды да, балалардан жөн сұрайды... Сактана сөйлесе отырып, олар ұғысады... Әйел отаншылдық сертіне берік адам екен. Оның айтуынша, бұл маңай толған фашист, екеуі осы үйдің өзінде пәтерде тұрады...

Бұл үйде тұратын фашистер электр монтерлары көрінеді. Олардың көп проводтары сол үйдің сарайында екен. Балалар әйелден су, керосин фонары және аздап тамақ алады да, қазып шыққан үңгірге қайта түсіп, серіктеріне хабар береді... Бұл оларға зор қуаныш болады... Іле олар өз монтерін алып сыртқа шығады да, сол үйдің электр жарығына жалғастырып, ұзын провод алып түседі, екі фашисті де ұстап ала келеді. Катакомбаның іші жарыққа айналады... Партизандар жеткен екі фашисті серіктері сұраса, үй иесі әйел «Кеше кеткеннен келген жоқ» деп жауап береді...

Катакомбаға жарық түсірген Петраша, әжесінің өлігін ғана көреді. Бірақ, амал нешік,— өмір талқысы, оның жас жүрегін мұндай қайғыға шыдауға үйреткен!.. Жарық көрген партизандар азық-түлік табатын жол іздейді. Петраша тапқан жол аса қатерлі... олар ондай жолды табады да...

Ойда жоқта екі кісісі із-тұзсыз жоғалып кеткен фашистер сол ізді табудың әдісіне

кіріседі және табады да: барлық жағдайды тексеріп келгенде, осы үйдің проводы электр қуатын көп тартатыны анықталады. Арғы себебін анықтау қиын емес,— провод жер астына кеткен... үңгірі де көрініп тұр... бірақ, оған кіретін жүрек фашисте жоқ... Енді не істеу керек?..

Қорқақ фашист айлакерлік жолына түседі... әйелге сыр білдірмейді, проводты кеспейді, электрді тоқтатпайды, сөйтіп астыртын аңдушы қояды. Бұл айланы сезбеген Петраша бір күні серіктерімен қолға түседі. Одан кейін фашистер проводты кеседі де, үңгірді опырады. Әйелді балаларға қоса тұтқынға алады...

Фашистер балалар мен әйелді неше күн ауыр азапқа салғанымен, шынын айтқыза алмайды. Ақыры бәрін де темір бағанаға сыммен байлайды, денелеріне электр тоғын жібереді... Ауыр азапқа шыдамаған әйел мен бірер бала шыңғырғанда, Петраша және бір-екеуі «Жасасын біздің Отан!» дегенді бар дауыстарымен айтады да, одан кейін, тістене сазарған қалыптарын өле-өлгенше өзгертпейді...

Бұл — ойдан шығарған не әдемілеген сөз емес, Дорофей Харламович Ищенконың өз аузынан естіген сөз. Бұл сөздердің аяқ жағына келгенде Ищенконың түсі бұзылып, жүрегін жара күрсінеді, бірақ, толқый жөнелген бетпернесін еркімен жібермей, тез жыйнайды, көзіне жас алмайды...

— Көз жасыңды жау есіркемейді,— дейді ол,— ендеше өзің жыламау керек, оны жылату керек!..

Ищенко одан әрі, жалпы Россияның, оның ішінде Украинаның, оның ішінде Қара теңіздің осы бір жағасының жауды қай кезде қалай жылатқан жәйін сөйлеп кетеді.

— Немерем Петрашаның жау қолынан сәби шағында өлуі маған батады,— дейді Ищенко, әлгі бір босаңқырай бастаған қалпынан шыйрап,— ал, Отан одан да қымбат. Отанның жаудан құтылу қуанышы немеренің қайғысын жуа береді. Сондықтан да — жас жетпіске таянғанмен, кәрілікке бой ұсынбай пенсияға шық десе де шықпастан теңіз қызметінде келе жатырмын. Бұл қызметте, әлі де кемінде бес он жыл бола алам ғой деймін...

Біздің бұл кеңесімізден аз күн бұрын, баспасөз бетінде Американың жыйырмадан астам соғыс кемесі Туркия порттарына кеп тұрғаны хабарланған. Ищенко соны айтады да:

— Орыс флоты біздің жағаға жаудың флотын жолатқан емес. Ол бұдан былай да жолатпайды! — дейді...

Соған сенімі берік ол теңіздің Туркияға қарай тұманданған өріне биноклін ұсынып, жаңарында оты әлі де мол көгілдір көзін қадай түседі...



НҰРЛЫ ЖОЛ

Әңгіме

I

Электр плитканың үстіндегі ақ чайник шуылдап қайнағалы қашан. Аса бір ләзетті ойда отырған Сәуле чайниктің сақырлап қайнағанын естіген де жоқ. Әлде қайдан станоктың ырғақты үні құлағына келді де тұрды оның. Кейде:

— Вера, мен бар ғой саған сөзсіз келем! — деп өзіне-өзі күбірлеп те қояды. Үлкен станок жанында тұрған Вера да, кең залдың ішіндегі қатар тізілген станоктер де көз алдынан кетер емес...

Бұл кездесу Сәулеге әрі қызық, әрі есте қаларлықтай көрінді. Ол былай болатын:

2

Саяқатшылар ауылға қайтар алдында қаланы тағы да аралап шығу үшін екі топқа бөлінді. Біріншісі заводқа бармақшы болды да, екінші топтағы балалар музейді, пионерлер сарайын көруге кетті. Сәуле бұрын музейде де, пионерлер сарайында да болып қайтқан. Ал, заводқа баруға оның көңілі түспеді. Төбесін әйнекпен жапқан, қабырғалары биік завод үйлері, күйе шалған ұзын трубалар қызықтыра қоймайтын оны. Бұл күні ол ешқайда да бармай, бір сәт өз ойымен болуды тілегенді. Мамасы қайтыс болғанның соңында оқшау, дара жүру Сәулеге әдет болған. Мұны жақсы сезетін Бақыт оның қасынан бір елі қалмайтын. Бұл жолы да ол:

— Жүр, завод саған сөзсіз ұнайтын болады. Онда ғажайып машиналарды көресің, — деп Сәуленің заводқа бармасына қоймады.

Бақыт пен Сәуле быйыл VII класты бітірді. Жеті жыл бойы бірге оқып келеді. Екеуі сондай дос болатын. Осы ұзақ жылғы достықты қыймады ма қалай,

— Барсақ барайық, — деді Сәуле.

Бұлар мектептің жатақханасынан шыққанда заводқа баратындар тым ұзап кеткен екен.

Механикалық заводқа бәрінен соң келді бұлар. Цехқа кіргенде шашының ағы дендеген, сары қасты, толық денелі адам балаларды әрбір станоктың атқаратын жұмысымен таныстырып жүр екен. Қыймылы да, жүрісі де шапшаң, оралымды. Саяқатшылардың соңында келе жатқан Сәуле еденді дірілдетіп шулаған станоктар үнінен әлгі адамның не айтып келе жатқанын ести де алмады. Өзі де оған әуестене қойған жоқ. Тек жан-жағына құмарта қарап келе жатқан Бақыттан:

— Бұл кім өзі? — деп иегін көтере еріне, селқос сұрады. Тіпті өзінің сұрауына жауап та күткен жоқ.

— Бұл инженер ғой!

— Инженер дейсің бе? — деді Сәуле таңданған пішінмен. Боз кенептен жаздық костюм киген осы тәпелтек қарапайым адам алғашқыда Сәулеге бітімсіз, тіпті бүкіл тұлғасы тұрпайы көрінсе де, келе-келе әрі сымбатты, әрі мейірімді бола бастады. Тіпті үлкен станок жанында тұрған тәмпіш мұрын, шашын желкесіне тақап келте қырыққан сары қыз да оған аса бір ілтипатпен қарайды.

— Бұл — біздің Вера, — деді инженер бойы станоктан әзер көрінген көкшіл көз қызды мақтаныш ете сөйлеп. — Жуырда ғана ол комсомол қатарына өтті. Енді оны біздің заводтағылардың бәрі біледі.

Инженердің 150-185 процент деген сөздері Сәулені онша қызықтыра қойған жоқ. Ондай көрсеткіштерге жетудің жақсы екенін білсе де, оның шын мәнісіне түсіне қоймайтын. Инженер сөйлеген сайын Вера өңі аз ғана қызғылт тартып, ыңғайсызданған болады. Инженер Вера-



ның жонған бөлшегін станок циркульмен өлшеді де:

— Отлично! — деді сұқ қолын шошайта жоғары көтеріп.

Сәулеге станокты меңгеру, оны жүргізіп кету тіпті оңай көрінді. Несі бар, өзіндей кішкентай қыз оны жүргізіп тұр. Ешкімге қолқа салып, көмек те сұрамайды. Станок тетігін өзі біледі. Сәуле станоктың әрбір бөлшегіне ұқыппен қадала қарап, Вераның жанына жақын келді. Тек бір сәттен соңғы шақырған завод гудогі естілгенде ғана Вера бұрылып қарады оған. Үстінде ақ шайы көйлегі бар талдырмаш қыз өзінен көз алмай қарап тұр. Ауыл қызы тандана қарайды.

— Кел, танысайық, — деді Вера қолын ұсынып.

Станок жанында екі қыз ежелгі достай ұзақ сөйлесті. Сәулені завод қақпасы алдына шығарып салған Вера:

— Кешкі мектепке барарда кітапты ала келем. Жолда мені күт, — деді.

— Сөзсіз келем, Вера.

Ауылға келгенде де Сәулені ойландырған осы бір кездесу болды.

3

— Кәне, маған әкелген базарлығың бар ма? Қуантшы папанды.

— Қазір, папа, сізге сондай әдемі кітап әкелдім, — деп сәуле кішкене чемоданын ақтара бастады.

Серікбай енді байқады. Шешесі қайтыс бо-

ғанның соңында екі жағы сопайып, бетіне бозғылдана түгі шығып, Сәуле аса жүдеу тартқан еді. Қызының нәзік түрін көргенде Серікбай іштен ғана тынып, «Кім білсін, бала ғой, шешесін ойлап жүрген шығар!» деп ойлайтын. Мектеп басшылары Сәулені бір топ оқушылармен саяқатқа жібереміз дегенде де ол «қой, болмайды, өксігі басылмай жүр әлі. Сыртта жүріп мүлде жүдеп қалар» деп көнбей қойғанды. Ақыры мектеп директоры Анна Николаевнаның өзінің араласуымен Серікбай қызын поезға әрең шығарып салды. Қазір Сәуленің екі беті толып, қызылшырайланған. Кішкене мені дөңгелек жүзіне көрік бергендей түйірленіп айқын көрінеді.

— Міне, папа, Сізге әкелген базарлығым осы.

Серікбай төсқалтасынан көзілдірігін алып, кітаптың парақтарын ақтара бастады да, алғашқы беттегі бір суретке көзілдірігінің астымен қарады:

— Мынау кім, жаным, көзім жетпей тұрғанын қарашы. — Ол кітапты қызының алдына сырғытты.

— Папа, бұл — біздің Вера ғой! Станокты ол өзі жүргізеді, — деп Сәуле өзінің қалада көргендерін баяндай бастады. Верамен ауызба-ауыз сөйлескенін де, Бақытпен бірге заводқа барғанын да айтты. Бірақ өзінің Вераға берген уәдесі жөнінде ешнәрсе айтпады. Оны Серікбайдан жасырар ойы да жоқ. Бақыт айтқандай: «Түрлі себеп тауып, комиссия оқуға жібермей қалса, папасынан ұят болады ғой. Әуелі Анна Николаевнамен ақылдасайын, содан кейін бір-ақ айтармын» деп қорытты ойын.

Серікбай станок жанындағы қыздан көз алмай:

— Өзінен үлкен станокты жүргізіп тұрғанын қарашы. Қаршадайынан игі іске ұмтылған екен. Мұнысы қандай станок?

— Т. И. П.-122, — деді Сәуле. — Қуйбышев заводынан шыққан.

Серікбай үнсіз отырып қалды. Қыймыл әрекетінде әлде бір нәрсеге өкінгендік жай бар. Салалы саусақтарымен кітап бетін қайта-қайта сыйпалап бір сәт қызына қадала қарап отырды да:

— Шаршадың ғой, Сәулеш, тынығып дем алсаңшы, — деп өз бөлмесіне шығып кетті.

Сәуле папасының оқыс қыймылына танданған жоқ. Себебін тәптіштеп сұрай да қоймады. Бәрі бір, ертеңіне папасының өзі-ақ айтады. Сәуле стол үстін жыйнастырып, Верадан алған кітабын тағы бір қарап шығу үшін өз бөлмесіне барды. Кітапта әртүрлі маркалы станоктар жиі кездеседі. Олардың тетігі әлі белгісіз. Сәуле бірер бетін оқып көріп еді, ешнәрсе де түсіне алмады. Алып станоктар

сыр берер емес. Тек шуылдаған оның дауысы ғана құлақта қалған.

— Вера, мен сөзсіз келем!

4

Жұмыстан қайтқан Серікбай үйге түтіге, ашулана кірді. Өзімен бірге келген Аннаға қолын қайта-қайта сермеп:

— Жо-о, жоқ болмайды! Оның өзі не біледі дейсің, бала ғой. Алыс жүріп жүдеп қалады менсіз.— Ол Сәуленің кішкене орындығына қыйсая барып отырды. Қыймыл-әрекетінде қынжылу да, айбат та, реніш те бар. Сәулені мұнша ұзақ сапарға аттанады деп ойламаған. Оған келіскісі де келмейді. Егерде қасында Анна болмаса, ол Сәулені қазір шақырып алып «Сәулеш-ау, мені, папанды, жалғыз тастап кетесің бе?» деп тура айтар еді де, қыйылып сұрар да еді. Сәулесіз бұл төрт бөлмелі даңғыраған үйде қалай отырмақ.

Анна Сергеева Серікбайдың ойын бөлген жоқ. Ол әке ғой. Балаға тек әкелік мейіріммен қарайды. Өрісі кең бала арманына, оған жетуге асыққан жас талабына үңілмейді. Әлден соң барып ол, жіпсіген көзін сүртіп:

— Шырағым, Анна! — Оның даусы тіпті баяу, жалынышты үнмен шықты.— Мені бұл жолы қыйнамасаң қайтеді... Я, тіпті бетіңнен қайтарғым да келмейді. Өзің білесің, менің қазіргі ермегім де, қолқанатым да осы Сәулеш емес пе?

Серікбай тағы бір нәрселерді айтқысы келіп еді, тынысы тарылғандай булығып тұрып қалды. Сәуленің жалғыз тастап кетпек болғанына танданады ол.

— Бала ғой әлі. Ұзақ жолдың мехнатын білмейтін шығар, алыста жүріп кім білсін... деп, күдігін тағы да ақтарып салды.

Манадан бері үнсіз отырған Анна орнынан тұрып барып, төрті үйдің терезесін ашты. Жаңа ғана сабалап жауған өткінші нөсер басылыпты. Тек әлде қайдан найзағай жарқылдап, күн күркірейді. Үсті-басы су болғанына қарамастан, Сәуле қасындағы бір топ қызбен спорт алаңында волейбол ойнап жүр. Олардың ішінде Нина да бар.

— Сіз алыста жүріп мехнат көріп қалады дейсіз Сәулені. Ал, біздің Нина солай ма?

— Қайсы? — деп Серікбай еріксіз Аннаның қасына келді. Нина Бақыт пен Сәуленің дәл ортасында тұр. Оның әлде бір нәрсеге күлгені айқын естіледі. Нина

шешесімен жақында ғана осы «Коммунизм» колхозына келген-ді. Колхозға келісімен шешесін бухгалтерлік күрске жіберді. Нинаның қазір үйде жалғыз екені Серікбайға да белгілі.

— Көрдіңіз бе? — деді Анна тағы да,— Нина жалғызсырап жүрген жоқ. Сәулені де өз құрбыларының күтіп тұрмағанын қайдан білесіз!

Серікбай үндеген жоқ. Алаңда ойнап жүрген қызынан көз алмай қарап тұр. Оның әрбір қыймылы көз алдында. Тіпті оны мейірі қанып сүйе де алмады, ұзап барады. Құшағын жайып еді. Сәуле әке құшағын азсынғандай алға ұмтылады. Бұрылып қарар да емес. «Сәуле! Сәуле!» Серікбай айғайлап та жіберді. Өзінің сол сәтте оқыс ісіне кешірім сұрағандай Аннаға қарап еді. Ол ешнәрсені естімегендей журналдың бетін ақтарып тұр екен. Сәуле папасының даусын естіген болу керек:

— Папа! — деп ботинкасын қолына алып үйге жүгірді. Оған Бақыт пен Нина да ілесті. Үйге еңтіге кірген ол:

— Папа, көрдің бе? Қалай жүгіретінімді. Ниналар жете алмай қалды ғой.— Қыздар Анна Николаевнадан қысылды ма, күмілжіп тұрып қалды.

— Сәулені шығарып салуға келдіңдер ме? — деді Анна Бақытқа қарап.

— Айттым ғой Анна Сергеева көмектеседі деп. Кәне құттықтаймын.

— Құттықтаймыз! — деді Нина да Сәуленің қолын қысып.

— Папа, естідің бе? Мен енді оқуға ФЗО мектебіне барамын,— Сәуле тағы бірнәрсе айттайын деп еді. Бақыт пен Нина «тағы бір ұпай алайық» деп ырық бермей қолтықтай жөнелді. Сәулелер кең алаңға қарай жүгіріп барады. Олардан көз алмай қарап тұрған Серікбай:

— Өздерің біліндер, қарақтарым. Сәуле барамын десе, оқуына барсын,— деді.


* * *

Сұрғылт сары күз. Күн дәл төбеге шақшыя көтерілгенмен ызғарлы жел бар.

Серікбай сапар алдында өз сырын ақтара сөйледі.

— Өзіміздің колхоз комбинатының станогін жүргізу үшін барамын де. Жарайды, Сәулеш! Мен де ертеңнен бастап тракторлық курсқа баруға келісім берем. Ал, жол нұрлы болсын!

Поезд жүйткіп барады. Бірақ, Серікбайға Сәулесі өз қасында, станок жанында тұрғандай болып көрінді...



Каз. Гос. пуб. б-ля
ЛКСО

Колхоз өмірі тамаша

Очерк

«Біз бұрынғыдай емеспіз»

Қарт колхозшы Ахметовтың аз сөзі колхоз өмірі туралы көп нәрсені аңғартқандай болды. Ол әңгіме үстінде колхоздың ұйымдасқан алғашқы кезінен бір елес берді.

— Біздің колхозымыз, — деп бастады ол сөзін, сиреген сақалын салалы саусағымен сыйпап қойып, — 1939 жылы ұйымдастырылып еді. Сол уақытта осы жер тап-тақыр, қурайдан басқа түгі жоқ дала еді. Ұйтқый соққан жел шаңы аспанға шығып жататын. Көбі қолмен жасалатын еңбектің ол кезде өнімі де мардымсыз болатын. Біздің тұрмысымыз да бүгінгімізден әлде қайда төмен еді.

Малшы қарт колхоздың нағыз қожасының бірі болғандықтан өздерінің мал байлығы жөнінде әңгімені көп қысылмай айтты:

— Мал фермаларында қазірде 580 сыйыр, 800 жылқы 300 ден астам шошқа, 9 мыңнан астам қой-ешкі екі жарым мыңдай құсымыз бар.

Мичурин атындағы колхоз — республикамыздағы ең ірі, әлді ауылшаруашылық артельдерінің бірі. Оның даңқы тек Қазақстанға емес, Совет Одағының түкпір-түкпіріне мәлім. Ол туралы арнаулы кітап та жазылды. Колхоздың мәңгі пайдалануына берілген жер көлемі төрт мың гектардан асады. Қазір оның 300 гектарынан астам жерінде бау-бақша, жүзім өсіріледі. Қуатты техниканың колхозға келуі даланың бейнесін мүлде өзгертті. Егін даласында қуатты екі комбайн, сеялқалар, культиваторлар жұмыс істейді. Бұлардың бәрі егіннің шығымдылығын арттыру және оны жыйнап алу ісінде колхозшылардың негізгі құралына айналды.

— Біз бұрынғыдай емеспіз. Өміріміз мүлде жанарды. Қазір колхоздағы 17 ұлт өкілі

бір тілек, бір мақсатпен колхоз байлығын арттыра түсіп, мәдениетін көркейту үшін бауырласып еңбек етіп отыр, — дейді партия ұйымының секретары Петр Маркович Должанский жолдас.

Жана ауыл бейнесін көргенде осы сөздер нағыз шындықтың куәсі екен дейсің.

Барлық жұмыс саласы да механизацияланған

Селоның сонау шет жағындағы электр станциясы үйінен тартылған тоқтың желісі дененің жүйе-жүйесін қуалаған күре тамырдай колхоз шаруашылығының барлық саласын қамтыған. Күн бағып, ымырт жабыла колхоз орталығындағы 760 үйдің бәрінде де электр жарығының нұрлы сәулесі жарқырайды. Селоның шет жағындағы стандартты мал қорасының сансыз көп терезелерінен де осы сәудені көруге болады. Мол астықты тартып жатқан диірмен де, құрылыс үшін ағаш өңдеуші станоктер мен ағаш тілетін және токарлық станоктер де электр күшімен жүргізіледі.

Міне, мал фермасы. Ферманың іші еңбек күйіне бөленген. Бір жерде электр күшімен сыйыр сауылып жатса, екінші жерде мал азығын дайындайтын аппараттар дамылсыз жұмыс істеп тұр. Мұнда мал да автоматпен суарылады. Осылардың бәріне де күш беріп, станоктар мен қызылша тұрайтын және оларды тазартатын машиналарды да қозғалысқа келтіріп тұрған жаңағы электр станциясынан келген қуатты күш. Осы күштің қуатымен мыңдаған тонна овощ және жеміс тазартылады.

Байлық артса, тұрмыс та шат

Егіс пен мал шаруашылығынан жылдан жылға мол өнім алған колхоздың кірісі де



Колхоздың Сүт-товарлы фермасында.

Механизацияланған қырманда.

Суретті түсірген П. Редька

молайып отыр. Бұған тек екі цифрды салыстырып қарасақ та жеткілікті. Егер колхоз кірісі 1948 жылы үш миллион жеті жүз алпыс мың болса, быйылғы жылы бес миллионға жетіп отыр. Осының тек бір жарым миллионы ғана мал шаруашылығынан түскен кіріс. Быйылғы жылы колхоз еккен картоп әрбір гектарынан 180 центнерден өнім берсе, әрбір сауын сыйырдан үш мың бес жүз литр сүт сауылды, әрбір қойдан 3,3 килограммнан жүн алынды. Осыдан кейін:

— Байлық артса, тұрмыс та шат,— деген колхозшылардың сөзі көңілге қандай қонымды десенші.

— Адал еңбек етсең, әрқашан еңбегің жаныатынын біз жақсы білеміз,— дейді колхоздың қарт шопаны Исабай Сатаев.— Мен быйылғы жылы бір мың алты жүз еңбек күн тауып едім. Осыған аванс ретінде колхоздан сегіз мың сом ақша, жүз тоқсан бес пұт астық, үш жарым тонна картоп және қосымша ақы ретінде он үш қой алдым. Ана бір кезде колхоздың бухгалтериясына келіп, әңгімелескенімде, менің жыл аяғына дейін табатын табысым 25 мың сомға жететінін айтты. Ал, бұл тұрмыстың жақсарғаны емей немене?!

Қарт шопанның сөзі рас. Колхоз байлығы артқан сайын, колхозшылардың әл-ауқат тұрмысы да, олардың кірістері де жыл сайын молайып келеді. Быйыл колхоз аванс ретінде әрбір еңбек күнге колхозшыларға бір килограмнан астық, үш килограмнан жеміс және бес сомнан ақша берді. Тек колхозшы Александр Прокофьевтың өзі ғана он тоннадан астам картоп және овощь алды, ал, оның жылдық табысы он сегіз мыңға жетпек. Озат сауыншы Татьяна Шумскихтың да табысы бұдан кем емес. Осының бәрі қажырлы еңбектің жемісі. Партиямыз бен үкіметіміз беріп отырған жеміс.

Бұлар — село интеллигенциясы

Селода қазіргі уақытта жүзден астам интеллигенттер мен ауыл шаруашылығының мамандары бар. Бір ғана шоферлардың өзі — 18 адам, сонымен бірге үш зоотехник, екі агроном, төрт мал дәрігері және алты медициналық сестра бар. Бұлардың ішінде осы колхозда туып өскен, кейіннен жоғары оқу орындары мен арнаулы орта дәрежелі оқу орындарын бітіріп туған аулына қайта оралған жастар да аз емес. Мал дәрігері Сқақ Үркімбаев пен зоотехник Нина Петровна Малюгина осы колхоздың өз адамдары. Нина быйыл Алматыдағы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтын бітіріп, өз тілегі бойынша осы колхозға келді.

Осы колхозда туып өскен, оқып ержеткен

бұрынғы агроном, қазіргі осы колхоздың председатели Леонид Степанович Манько жолдасты да колхозшылар ерекше мақтаныш етеді. Мұның орны да бар. Өйткені, Л. С. Манько — барлық жаңалықтың, колхоздағы барлық істің жаршысы. Ол бірнеше жыл бойы қатарынан артельдің егіс даласында агротехниканың ең жетілген шараларын ендіру ісіне бар күші мен жігерін жұмсап келеді. Сонымен қатар ол — жұмыстың қиын салаларын жан-жақты механикаландыру ісінің бастамашысы.

Осы интеллигенттер мен мамандар колхоз мәдениетін өркендетуге үлкен қызмет атқарады. Колхоздың өз радио торабы арқылы күн сайын колхоз жаңалықтары, әдебиет хабарлары, саяси тақырыптардан лекциялар беріліп тұрады. Мұнда 1948 жылдан бері лекторлар тобы жұмыс істейді. Оның құрамында 18 адам бар. Бұл топтың мүшелері партия ұйымының секретары П. М. Должанский жолдастың басшылығымен үстіміздегі жылдың он айы ішінде колхозшылар арасында 22 рет лекция оқыды. Лекциялардың тақырыптары түрлі-түрлі: ССРО халықтарының достығы, мичуриндік агробиология ғылымы, халықаралық жағдай, балаларды тәрбиелеудегі атаның ролі т. б.




Алма бағында 6-класс оқушысы Серікбаев Әбдібай алма жыйып жүр.

Суретті түсірген П. Редько

Мектеп директорымен кеңес

— Осы орта мектеп 1950 жылы бұрынғы жетіжылдық мектептің орнына ұйымдастырылды. Қазір бізде колхозшылардың алты жүзден астам балалары оқып білім алуда. Мектепте отызға жуық мұғалім қызмет істейді. Бұлардың алтауы жоғары білімі бар адам-



Колхоз электр станциясы. Осы электр станцияның қуатымен колхоздағы көп жұмыстар істеледі.

Суретті түсірген *П. Редько*

дар. Мектепте балалардың жан-жақты білім алуын қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылған он үйірме бар. Музыка, көркемөнер және түрлі техникалық үйірмелер екі жүз оқушы қамтыйды...

Колхоз орталығындағы орта мектептің директоры Иван Васильевич Захаров жолдас бұдан кейінгі сөзін жас колхозшылардың кешкі мектепте оқып, күндіз еңбек етіп, одан кейінгі бос уақыттарында білім алуға ұмтылған талаптарына арнады.— Кешкі мектепте 92 жас колхозшы оқыйды. Олардың сабақтан қалмауына толық жағдай жасалынған. Мысалы, монтер А. Латкин, жас колхозшылар Дунина, Мыльникова, Дмитренко және тағы басқалар — оқу озаттары.

Совет көшесіндегі № 26 үй

Шатырында қызыл жалау желбіреген осы бір үйге жұмыстан бос кездерінде колхозшылар лек-легімен келіп жатады. Бұл Белбұлақ ауылдық советінің жанындағы оқу үйі. Кітап оқығысы келген немесе газет-журнал қарағысы келген колхоз адамдары осында жыйналады. Оқу үйі колхозшылардың өскелең тілегіне сай жұмыс істейді. Орта бойлы, дөң-

гелек жүзді әйелдің есімін келушілер құрметпен атайды.

— Евдокия Васильевна, маған енді Бюриковтың «Шағаласын» берсеңіз,— деді жас колхозшы Петр Карташов.

Екінші бір адам келіп Б. Полевойдың «Нағыз адам туралы повестін» сұрады...

Оқу үйінде екі мыңға тарта кітап бар. Быйыл кітап қорын толықтыруға тағы да қаржы бөлінді. 1954 жылдың жана газет, журналдарына жазылу үшін 1300 сомнан астам ақша жұмсалды. Қазір кітапхананың үш жүз елуден астам оқушылары бар. Олардың жүз сексендейі колхозшы жастар.

— Колхозшылардың көпшілігі-ақ кітап оқыйды,— дейді Е. В. Головня жолдас,— әсіресе солардың ішінде С. Петиков, Ж. Қажов, Қ. Т. Година сыяқты оқушыларымызды мақтан ете аламыз. Петиковтың өзі ғана аз уақыттың ішінде 20 дан астам романдар мен повестер оқыды. Ең бір сүйсінерлік іс сол — біздің 75 жастағы Григорий Акимович Крысанов сыяқты көптеген қарт колхозшыларымыз да кітап оқуға өте құштар.

Осының өзінен-ақ біздің колхозшыларымыздың өскен мәдениетін көруге болады.

Болашақ бұдан да жарқын

Совет адамдарының бүгінгісі ертеңге өлшеу емес. Біздің бүгінгі өміріміз ертеңгі күні одан да қызықты, мазмұнды бола түседі. Осы колхоздың келешегіне көз жіберсеңіз, болашақтың бұдан да жарқын екеніне күмәнсіз сенесіз.

...Таяу арадағы екі-үш жылда колхоз дәнді және техникалық дақылдардың өнімін екі есе арттырады, мал басы әлде қайда артады, әрбір сыйырдан сауылатын сүт 4500 литрге, әрбір қойдан қырқылатын жүн 5 килограмға жеткізіледі. Осындай байлықтардың нәтижесінде колхоз бұл жылдары ақшадай он миллион сомға жуық кіріс алатын болады.

Колхоздың мәдени құрылыс үйлері де молаяды. Алдағы жылдары стандартты балалар яслиін, балалар бақшасын, 500 кісілік жаңа клуб үйін, тағы басқа көптеген құрылыстар салу белгіленіп отыр. Быйылдың өзінде ғана құрылыс үшін 900 мың сом қаржы бөлінді.

— Біздің сәнді өміріміз бен салтанатты тұрмысымызды халықтық демократия елдері мен шетелдерден келген қонақтар талай рет көрді. Олар колхоз құрлысының орасан артықшылығына сүйсініп, өздерінің бақытты өмірі үшін күресетіндіктерін білдірді,— дейді Мичурин атындағы колхоздың колхозшылары.

Бұл орынды мақтаныш.

Б. Мәдгев.

Мичурин атындағы колхоз, Алматы селолық ауданы.

Біздің Наташа

Наташа бүгін қатты толқуға түсті. Өзіне өзі әлі де сенбегендей. «Дайындығым да жеткіліксіз болды ма қалай? Бір жерінен мүдіріп қалып жүрмесем жарар еді?» деп күдіктене береді. У-шу болып күлісіп, дабыр-дүбір сөйлеп дамыл таппай жүрген дос қыздарының қызығына да әзір араласа қояр емес. Әлденеге есі-дерті ауғандай, қызыл алманың қыйығындай сұлу ерні бір нәрсені іштей айтып тұрғандай.

Мұның қасына тез басып аға пионер вожатый келді.

— Қалай, Наташа, жүрексініп тұрған жоқсың ба? Қой, жүрексіне. Қаймығу пионерге тән нәрсе емес,— деп ол Наташаны екі қолынан ұстап, әрлі-берлі айналдырып билетіп алды да,— ал қазір сахнаға шығасың, дайын тұр,— деді.

Аға пионер вожатыйдың сөздері Наташаны желпіндіргендей болды. Алдыңғы оқушы өз номерін бітірген соң Наташа сахнаға салмақпен басып, байсалды шықты.

Концерт басқарушы көрушілерге қарап:

— Алматының Чернышевский атындағы қыздар орта мектебінің IV класс оқушысы Данилова Наташа қазір Сергей Михалковтың «Дети мира» атты өлеңін оқып береді,— деп хабарлады.

Максим Горький атындағы мәдениет және демалыс паркінің кең эстрадасында тұрған зор репродуктордан сыңғырлаған жас дауыс естілді. Енді манағы толқудың ізі де қалмапты. Үстіне жеңіл ақ көйлек киген осы бір кішкентай қыз дәл қазір жұрт назарын өзіне аударып әкеткен. Дәл, мәнерлі айтылған өлең сөздері бұрынғыдан да нәрленіп, құлпыра түскендей. Алдыңғы қатарда отырғандар арасынан:

— Даусы қандай сүйкімді еді!

— Жаксы өлеңді нақышына келтіріп, қалай келістіре оқыйды, — деген сүйініш лебіздері естіледі.

Тұңғыш рет үлкен сынға түскен Наташа одан зор аброй алып шықты. Бұл өнерпаз пионерлердің август айында өткен қалалық олимпиадасы еді. Қатысқан көп пионерлердің ішінде үздік шыққаны үшін олимпиада қор-



Наташа Данилова.

тындысында Данилова Наташаға Бірінші дәрежелі диплом берілді.

— Құттықтаймыз, Наташа! — десті достары,— біздің отрядтың абройын көтере түстін!

Наташаның бұл табысқа жетуінің орны да бар еді. Ол көптен қалалық пионерлер үйінде «көркем сөз оқу үйірмесіне» қатысып жүретін. Алғашқы кезде қатты қыйналып, нақысын келтіре алмай жүрсе де, ол талмас-тан үйреніп ақыры көркем сөзді мәнерлеп, шебер оқуға төселіп алды. Наташа бұл үйірменің сабағына әлі де үзбей қатысып жүр.

Наташа оқуда да жолдас-тарына үлгі. Қазірде IV

класта оқыйтын Наташа I кластан бастап ылғый «5» ке үлгеріп келеді. Сонымен қатар Наташа пионер өмірінің қайнаған ортасында жүреді. Наташа III класта староста болған еді, енді быйыл IV класс оқушылары оны 9-отряд советінің председателі етіп сайлады.

...Оқу жылының бірінші тоқсаны аяқталып қалған кез. Сабактан кейін Наташа IV «б» класының жетекшісі Варвара Николаевнаға жүгіріп келді.

— Варвара Николаевна, бүгін отряд жыйынын өткізбекші едік. Пионерлердің үлгеруі туралы мәселе қараймыз. Сіз қатысасыз ба? — деді Наташа сәл имене түсіп. Аққұба балбыраған бетіне қызыл шырай үйіріле қалыпты.

— Жарайды, Наташа, жыйналындар,— деді Варвара Николаевна байсалды үнмен.

Отряд жыйыны өте қызу өтті. Қыздар сабақ үлгермеушілерді қатты сынады. Оқу үздіктері шығып сөйлеп, өздерінің уақытты қалай пайдаланатынын, үйге берген тапсырмаларды орындау әдістерін айтысты. Оқу озаты Надя Петрова шығып сөйлеп былай деді:

— Біздің отрядта сабақ үлгермеушілер әлі бар. Мысалы Молокеева Татьяна барлық пәннен нашар үлгереді. Ал Исаева София арифметикадан жаман баға алып жүр. Бұларға оқу озаттарының көмектесуін біз қалай ұйымдастырып жүрміз? Отряд председателі Наташа, мысалы, орыс тілі грамматикасынан нашар үлгереді Гуляға көмектесті. Соның арқасында

Туля қазір «2» сін жойды. Біз бәріміз де осы әдісті неге кең қолданбаймыз?..

Жыйынды басқарып отырған Наташа класс жетекшісі Варвара Николаевнаға сөз берді:

— Балалар, сендер біздің мектебіміздің орыстың ұлы сыншысы, жазушы-философы Николай Гаврильевич Чернышевский атында екенін білесіңдер. Чернышевскийдің қандай қажырлылықпен, табандылықпен қызмет істегені сендерге үлгі болуға тиіс. Кімде-кім сабақты нашар үлгерсе, ол, ең алдымен, отрядтың қала берді, бүкіл мектебіміздің абройына кір келтіреді. Демек, біз класымызда бірде бір оқушының төмен бағасы болмау үшін күресуіміз керек.

Жыйыннан бір-екі күн өткеннен кейін 9-отрядтағы «Вперед» газетінің кезекті номері шықты. Бұл номерде бір ерекше көзге түскен нәрсе әрі отряд советінің председатели, әрі озат оқушы Наташаның мақаласы еді. Ол орыс тілінен төмен баға алып жүрген Туля деген досымен қалай бірігіп дайындалғандарын айтады.

— Бірігіп дайындалу, — деп жазыпты ол, — әрі ұтымды, әрі екі жаққа да пайдалы. Ондай кезде қайталанған немесе тыңнан орындалған тапсырма ұмытылмастай есте қалады. Пионерлер, кластас жолдастарыңа әрқашан көмектесіп, артта қалғандардың қатарға қосылуына жәрдемдесіңдер.

Наташа күн тәртібін қатаң сақтайды. Кешке сабақтан оралғаннан соң ол жеңіл тапсырмаларды орындап болғаннан кейін жұмыстан шаршап қайтқан мамасы мен папасына қысқа өлең, әңгімелерді мәнерлеп оқып береді. Бұл

Наташаға бір жағынан жаттығу есепті. Наташа қызықты көркем әдебиетті оқуды қатты құмартады. «Травканың бастан кешіргендері», Маршактың «Он екі айы» сыяқты көркем шығармаларды оқып шыққан.

— Үйге берген тапсырмаларды орындау, көркем шығармаларды оқудан қолым бос кезде мен мамама көмектесуді де ұмытпаймын, — дейді Наташа. — Мамам ертемен жұмысқа асығып кеткенде ыдыс-аяқтарды жуамын, еденді сыпырамын.

Таяуда ғана мектепте екінші тоқсанның қортындысы шықты. Тоқсан қортындысын жариялаған Варвара Николаевна Данилова Наташаның барлық пәннен түгелдей бестік баға алғанын айтты.

— Әрбір совет оқушысының, — деді Варвара Николаевна, — осындай бақытты балалық шақ әперген отаныңа ең қадірлі, баға жетпес сыйлығы — олардың сабақты жақсы, өте жақсы оқуы. Ал Наташа болса жыл сайын, тоқсан сайын осы сыйын үздіксіз тартып келеді.

Қоғам жұмысына белсене қатысатын I-клас-тан бастап үздіксіз «Бестік» бағаға оқып келе жатқан осы бір бүлдіршіндей аққұба қыз бүкіл мектеп коллективіне аса сүйікті. Әруақытта ойынқұмар, көңілді, қайырымды Наташаны оның кластас қыздары да әруақытта мадақтап жүреді.

— Міне, біздің Наташа қандай! — дейді олар.

— Бәрің де Наташаға теңеліңдер! — дейміз біз оларға.

С. Жұмағалиев

Чернышевский атындағы мектеп.

Жаңа жыл

Он екі қоңырау қағылды,
Жаңа жыл келді әр үйге!
Елка оты жағылды,
Қоршады қарт та, сәби де.
Табысқа толы ай, күнмен
Нұрланып таңдар арайлы:
Жаңа жыл қанат жайып кең,
Жеңіс болып тарайды.
Келсе самсап өмірге
Автомат алып заводтар,
Колхозды ауыл көгінде,
Жарқырай жанса жаңа оттар,
Бұйрат құмның төсінен,
Каналдар толқып ағады.
Өзіміз баптап өсірген
Жас ағаш сыбдыр қағады.
Жылда бір жаңа белестен
Асып өмір өрені,
Жақсы оқып, сана-ойы өскен
Класқа жаңа келеді.

М. Рашев

Сәлем саған, Тарас елі!

Даңқты тойдың таңында
Айқара құшақ тағы аштың,
Сәлемін Сырдың қабылда,
Тамаша елі Тарастың!
Мейірбан орыс достығы
Қаққалы дабыл әлемге.
Сүйсініп бірге қостың үн —
Басталды бірлік бар елге.
Астына тудын аялы
Топтастық келіп біздер де.
Достықтың өмірбаяны
Осылай байып жүзді өрге.
Тарастың батыр ұрпағы
Аралап гүлді қырларын,
Жаңғырта көкті шырқады
Жамбылдың жақсы жырларын
Сұрапыл күнде кешегі
Өлімнен қорғап теңдесін,
Жас қазақ оққа төседі
Қаһарман, кекті кеудесін.

Арсыз оқ кеткен жаралап
Партизан ақын қазақты,
Жарасын емдеп аялап,
Алқымнан алдың азапты.
Өрлеген өмір тоқтар ма?! —
Егінжай болды окоптар.
Жұлдызын жағып Бұқтарма,
Каналын көрді Каховка.
Айнымас достар болдық біз
Бұза алмас жаулар аярлы.
Туы бір батыр халықпыз
Өсірген Отан аяулы...
Даңқты тойдың таңында
Айқара құшақ тағы аштың
Сәлемін Сырдың қабылда,
Тамаша елі Тарастың!

І. Мәмбетов

Верный бекінісі

XIX ғасырдың басы. Күнгей Алатаудың теріскей беткейін Ұлы жүз қазақтары мекендеді. Таудың күнгейін қырғыздар жайлады. Екі ел көп жауласты. Қырғыздардың манабы Сарыағаш Ныязбеков Ұлы жүз қазақтарымен таласта әлсіреп бара жатқанын сезіп, Қапалдағы орыстардан көмек сұрады.

1854 жылы жазда майор Перемышльский бастаған орыстың әскери-экспедициялық отряды Ташкент-Құлжа жолына шықты.

Отряд Іледен өткенде ғана бір серпіліп қалды. Оңтүстікте сағымдай бұлдырап ақбас таулар көрінді, тау жақтан самал есті.

Тауға жақындаған сайын жайнаған бакшалар көзді қызықтыра түсті. Майор Перемышльский дәуде болса осыдан қолайлы жер табылмас деп келе жатты. Отряд бір ауылдың тұсына қоналқаға тоқтады. Командир шалдыққан атынан секіріп түсті.

— Ауыл қалай деп аталады? — деп сұрады ол жергілікті қазақтан.

— Алматы.

Тілмаш ауылдың атын қолма-қол аударды. — Бұл «Алмалы» деген сөз екен.

— Тамаша ат! — Осыны айтты да майор құшырланғандай алақанын бір укалап қойды.

Отряд бастығы бекіністі осы арадан салуды ұйғарды.

Жергілікті халық тәулігіне 16-18 сағат жұмыс істеді. Алаңдарды аршып, Тянь-Шань шыршасынан бөрене жонды, ұралар қазып, болашақ бекіністің қалың дуалын соқты.

Жетісу бойындағы бірінші бекініс — «Верный бекінісі»¹ деп аталды.

Арада бір жыл өткенде Алматы өзенінің оң жағында қазақтар поселогы — Алматы станицасы пайда болды. Бұл араға әуелі 132 үй сибирь қазақтары мен 200 үй шаруа келіп қоныстады. Осыдан кейін патша «Іле өзенінің арғы бетінде Сибирь казак әсекерлерінің оныншы полкі орналассын» деген указ шығарды.

Патша әскерлері 1871 жылы Іле өзені аңғарына шығып, Жетісу бойын түгел қаратты да, мұнда Сибирь қазақтары мен сәудегерлеріне кен жол ашты. Жаңа салынған қала тез өсті.

Үлкен тастан салынған ақ үйде соғыс губернаторы тұрды. Ол үйдің қақпасын городской күзетті. Губернатор көшесімен жүруге қазақтар мен қырғыздарға тыйым салынды.

Қалада сауда қыза түсті. Сәудегерлер қазақтардың қойы мен жылқысын арзанға сатып алды. Қаладан Пішпекке, Семейге, Ташкентке, Россияға керуендер жөнелтіліп жатты. Россиядан товар артқан көліктер ағылды. Верный алыпсатарларының өмірде байығаны осы болды.

Қалада Никита Пугасов пен оның балаларының А. Шавровтың және тағы басқалардың магазиндері пайда бола бастады.

Сол кездегі өлкетанумен әуестенуші Б. Я. Надзвецкий өз күнделігінде 1906 жылғы Верный қаласының сыйқын суреттеп жазды. Ол күнделік қазірде Пушкин атындағы көпшілік кітапханасында сақтаулы.

«Көшелерге тас төселмеген, — деп жазды ол. — Жаз бұрқыраған құм болса, күз бен көктемде аяқ алып жүргісіз батпақ. Бір ғана көшесінде — генерал Колпаковский проспекті (қазіргі Ленин проспекті) түркстандық зәулім теректер егілген.

Сол кездегі Верныйдың ең сұлу жақсы көшесі сол болатын. Бүкіл қалада не бары 124 майшам болған. Қалада 103 етікші, 63 тігінші, 66 ұста, 8 сағатшы, 2 шаштараз тұрған. Қара жұмысшының бір күнгі табысы 70 тиыннан аспайтын.

Екі орта мектепте — ер балалар мен қыздар



Бұрынғы Алматы, ескі базар

¹ Россияға сенімді, берік болсын деген мақсатпен бұл бекініс «Верный» деп аталған.



Бұрынғы Алматы көшелерінің көрінісі.

гимназиясында байлардың, төрелердің және діни адамдардың балалары оқыған.

Соғыс губернаторы өзінің жылдық есептерінің бірінде «...гимназияда бұратана халықтан бір қырғыз қызы оқыйды» деп жазған.

1909 жылы Верныйдың тұрғын адамдары қалалық думаға тым болмаса балалардың сауатын ашу үшін бірнеше мектеп ашуды өтінген.

Дума арызды қанағаттандырмай тастады. Бұл үшін үкімет ақша босатпай қойды. Қаладағы халықтың үш проценттейі ғана сауатты еді, оның өзі де билер мен молдалардың, байлар мен болыстардың балалары болатын.

Қалада бір ғана аурухана жұмыс істеген. Бүкіл қалада жалғыз дәрігер, роталық үш фельдшер, екпе егетін екі адам және бір дезинфектор болған. Аурухана меңгерушісі де қалалық думадан ауруларды жатқызарлық сегіз орынды барақ салуды өтінген. Бұған 2000 сом қаражат босатуды ауырсынып, думадағылар бұл тілекті де қабылдамаған.

Оның есесіне дума губернатор үйін жөндеуге алты мың сом, түрмені жөндеуге 1942 сом 31 тыйын босатқан.

Театр атымен болмаған. Бірінші дүниежүзілік соғыстың алдында ғана «XX ғасыр» деп аталатын театр ашылған.

Верный еңбекші халықты — орыстарды, қазақтарды, ұйғырлар мен дұңғандарды — аяусыз қанаған патша төрелерінің, сәудегерлердің, байлар мен молдалардың қаласы болды. Қала халқының саны аз-ды. Өнеркәсіп орындары атымен жоқ дерліктей еді. Ұсақ майдагер кәсіпорындарында жүздеген ғана адам жұмыс

істеген. Верный көпшілік тұрғындар ауыл шаруашылығымен шұғылданғандықтан, қаладан гөрі деревняға ұксас еді.

Бір қыяда жатқанмен, Верный қаласына XIX ғасырдың екінші жартысында орыс саяқатшылары Семенов-Тяньшанский, Пржевальский және тағы басқалар келеді. Өткен ғасырдың елуінші жылдарында қазақ халқының ағартушысы, ғалымы Шоқан Уәлиханов та Верныйда болған.

Коммунист партиясының көрнекті қайраткерлерінің бірі М. В. Фрунзенің револю-

циялық қызметі осында басталды. Фрунзе қалада тұңғыш рет оқушылардың астыртын революцияшыл үйірмесін ұйымдастырды.

Патша үкіметінің қатал қуғындауына қарамастан, социал-демократияның астыртын ұйымы еңбекші халыққа В. И. Лениннің еңбектерін тарата білді. Азаттық жолындағы күресте орыс халқы ағалық жол көрсетіп, қазақ бауырларын алға бастады.

Қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл үстем тапқа, байларға қарсы уытты жырларының біразын ең алғаш осы Верный қаласында айтты.

Ұлы Октябрь революциясы қазақ халқында ғасырлар бойы көксеген арманына жеткізді. 1918 жылы 3-мартқа қараған түні большевиктер бастаған орыс, қазақ жұмысшылары мен кедей шаруалары Верный қаласында көтеріліс ашты. Қалада совет өкметі орнады.

Азамат соғысы жылдарында Верный қаласы советтік Жетісудың соғыс және саяси орталығы болды. Жетісудағы ақтарға, шетел басқыншыларына қарсы, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы күресті Коммунист партиясының, халықтың адал ұлдары М. Фрунзе, В. Куйбышев, Д. Фурманов басқарды. Азамат соғысы совет халқының жеңісімен аяқталды.

1921 жылы Верный өзінің бұрынғы атына ие болды — Алматы деп аталды. 1929 жылы май айында республиканың астанасы Қызылордадан Алматыға көшіп келді. Содан бері Алматы қаласы керемет қарқынмен өсіп келеді.

Э. Рогоза

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалив Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Технический редактор И. Соскинд.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журнала «Пионер».

Подписано к печати 26/XII-53 г. УГ09356. Бум. 84×108^{1/16} — 0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 20 000. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры Каз.ССР. Заказ № 1602.

ЖАНАТ

Бұл 1953 жылдың күзінде болған еді.

Қазақстанда бұрын болмаған биатаныс жолаушылар тиелген ерекше бір вагон Шымкент станциясына келіп тоқтады. Ол—жанат еді. Бұл жолғы келген жанаттардың бұрынғы ит тектес жанаттардан өзгешелігі—бұлар нағыз жанаттың өзі болатын.



Нағыз жанаттың терісі өте жоғары бағаланады. Ол дүние жүзіндегі базарларда ең құнды аң терілерінің бірі болып есептеледі. Жанат жүнінің түсі сары-сұрғылт болып келеді де, қара қылшықтары құлпырып тұрады.

Оның тұрқы 65 сантиметр де, құйрығы 25 сантиметр. Тұрқына қарағанда, оның жіңішке сыйрағы әжептәуір ұзын, табаны қара, тырнақтары бар.

Жанат тым қунақы, көңілді аң. Ол маймыл сыяқты, бір бұтақтан екінші бұтаққа, немесе бір ағаштан екінші ағашқа ырғып кете береді.

Бұл аң өзені, көлі, сай-саласы, орманы көп жерді жаратады. Күндіз ағаштың қуысында немесе қалың жапырақты бұтақта ұйықтайды. Оларды аулау кешпен басталады. Өйткені олар түрлі омыртқалы, жүзімнің тағы басқа жеміс-

тердің қалдықтарымен күнелтеді. Мұнымен қоса құстардың өзін де жеуден тайынбайды. Әсіресе жанат ұяларды тапқыш-ақ. Табылған ұяның ішіндегі жұмыртқаларды ештеп тесіп, ішіндегі ұзынның тамшысын қалдырмай сорып кетеді.

Біздің елде нағыз жанат осы күнге дейін тек Азербайжан мен Қырғызстанда өсірілетін еді.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының зоология институтының қызметкері биология ғылымдарының кандидаты М. Н. Корелов жанатты Қазақстан әуе райына үйретуді өзіне міндет етіп қойды. Бірақ, бұл мақсатқа жету үшін жанаттың күн елтуіне және өсіп-өрбуіне лайықты жерді алдын ала табу қажет еді. Зерттеу арқасында оларға лайықты жер де табылды. Ол Оңтүстік Қазақстан облысы, Бостандық ауданындағы Уғам тауының бөктеріндегі Науалысай еді. Бұл—жанатқа қолайлы жер болып шықты: Науалысай өзені мен шағын-шағын бұлақтар, қалың өскен жаңғақ, алма, алша ағаштары оларға таптырмас мекен болды. 43 жанат Азербайжаннан келтірілді.

Аңдар Шымкентке келгеннен кейін, әуелі автомашинаға отырғызылып, онан кейін есекке тиеліп Науалысайға жеткізілді. Жанаттармен бірге еріп зоология институтының Корелов бастаған бір топ қызметкері барды.

Октябрьдің 16 күні ертемен, таңбаланғаннан кейін, жанаттар босатылып жіберілді. Олардың тісқаққандары босанысымен орман ішіне сіңіп кетті де, жастары жақын маңдағы ағаштың қуысын іздеумен болды. Қуыс тапқан күшіктер екіден, үштен бірігіп орналасты. Егер қуыста біріне ғана орын болса, екіншісі осы маңдағы жапырағы қалың бұтаққа қонақтайды. Сонымен бұлардың бәрі «жаңа мекенге» тек қас қарайғаннан кейін ғана еркіндеп жайласты.

Сөйтіп, Қазақстанда жанатты өсіру тұңғыш рет осылайша басталды.

А. Соколов

Қазақ ССР Ғылым Академиясының зоология институтының ғылыми секретары.

ЖҰМБАҢ

Қайталап атымды,
Көктемде ән саламын.
Көз келген ұяға
Жұмыртқа табамын.

Жіберген
Мубәрәк Жаманбалинов
Новосибирь облысы.

Анаграмма

Егер «Т» дан бастасаң,
Жылқы төлі болармын.
«Т» ны алып тастасаң,
Түнді жарық қылармын.
«Т» орнына «С» қойсаң,
Жер шұңқыры болармын.
Жіберген **М. Нұрғалиев**
Гурьев облысы, Маңғыстау аудан

ЖАУАП

«Пионер» журналының 1953 жылғы 11-номеріндегі анаграммалардың жауабы:

1. Ана.
2. Ре, ер.
3. Сым, мыс.
4. Қамыт, тымақ.
Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:
Ф. Мадина (Алматы қаласы),
Б. Ерқозов (Матай станциясы),
М. Әбітаев (Жамбыл қаласы),
М. Ақшолақов (Алматы облысы).

«Пионер» журналының 1953 жылғы II-номерінде басылған кроссвордтың шешуі.

Тігінен оқығанда

1. Қарпат. 2. Саратов 3. Гималай
4. Баренц. 7. Байкал. 9. Женева.
13. Албания. 14. Андижан. 15. Барнаул. 16. Ашхабад. 18. Дунай. 19. Нарын. 22. Тирана. 24. Мрамор. 27. Пиреней. 28. Тегеран. 29. Ереван. 31. Нанкин.

Көлденеңінен оқығанда

5. Балкан. 6. Бискай. 8. Магадан. 10. Кавказ. 11. Енисей. 12. Монблан. 17. Дарлинг. 20. Варшава. 21. Туран. 23. Жарық. 25. Мичиган. 26. Суматра. 30. Кишинев. 32. Ангара. 33. Сайгон. 34. Целебес. 35. Казбек. 36. Таллин.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:
Ш. Елубаев (оңтүстік Қазақстан облысы),
Ш. Өкпебаев (Талдықорған облысы),
Қ. Қошбағаров. (Арыс станциясы).

БАҒАСЫ 1 СӨМ.

